



**KDIF**

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ  
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД  
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

**2022**

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
ДЕПОЗИТТЕРГЕ  
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ**

**ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП**



# МАЗМҰНЫ

03-бет  
ҚОЛДАНЫЛАТЫН  
ҰҒЫМДАР МЕН  
АББРЕВИАТУРАЛАР

04-бет  
ҚОР  
ТӨРАҒАСЫНЫҢ  
ҮНДЕУІ

01 07-бет  
ҚОР ТУРАЛЫ

02 10-бет  
ДҚБЖ-ҒА ҚАТЫСУ

03 12-бет  
2022 ЖЫЛҒЫ  
ДЕПОЗИТ  
НАРЫҒЫ

04 19-бет  
АРНАЙЫ РЕЗЕРВТІ  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ

05 24-бет  
ИНВЕСТИЦИЯЛАУ

06 27-бет  
КЕПІЛДІ ӨТЕМДІ  
ТӨЛЕУ

07 34-бет  
ТЕҢГЕДЕГІ САЛЫМДАРДЫ  
ҚОРҒАУ БАҒДАРЛАМАСЫ  
ШЕҢБЕРІНДЕ ӨТЕМАҚЫ  
ТӨЛЕУ

08 38-бет  
БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕРДІ  
ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ  
АҚПАРАТТЫҚ  
ҚАУІПСІЗДІК

09 41-бет  
АҚПАРАТ БЕРУ-  
ТҮСІНДІРУ ҚЫЗМЕТІ

10 44-бет  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҚЫЗМЕТІ


11 46-бет  
ДҚБЖ ДАМУДАҒЫ  
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ  
БАҒЫТТАРЫ

12 50-бет  
КОРПОРАТИВТІК  
БАСҚАРУ

13 54-бет  
ҚАРЖЫЛЫҚ  
ЕСЕПТІЛІК

## ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ҰҒЫМДАР ЖӘНЕ АББРЕВИАТУРАЛАР

- **ҚНРДА, Агенттік** – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
- **Банк, қатысушы банк** – ДКБЖ қатысушысы болып табылатын, тартылған депозиттерін қайтару жөніндегі міндеттемелеріне осы Заңға сәйкес кепілдік берілетін екінші деңгейдегі банк (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы)
- **Агент банк** – ДКБЖ қатысушысы болып табылатын және Қормен жасалған келісім негізінде кепілдік берілген өтем төлеу жөніндегі рәсімдерді орындайтын банк
- **Қосылу шарты** – банктің (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалының) ДКБЖ-ға қосылу шарты, оның талаптарын Қор айқындайды және олар жүйеге кіретін барлық банктер (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары) үшін стандартты болып табылады
- **ЕЭО** – Еуразиялық экономикалық одақ
- **БЖЗҚ** – «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ
- **Заң** – «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
- **Консультативтік кеңес** – Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығын қоса алғанда, қатысушы банктердің мүдделерін білдіретін және олардың өкілдерінен құралатын Қордың алқалы консультативтік кеңесші органы
- **Таратылатын банк** – барлық банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айырылған және (немесе) мәжбүрлеп тарату процесінде тұрған банк
- **Ұлттық Банк, ҚР ҰБ** – Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі
- **ДКБЖ** – депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесі
- **Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры, Қор, ҚДКБҚ** – «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ
- **IADI** – International Association of Deposit Insurers (Депозиттерді сақтандырушылардың халықаралық қауымдастығы)



## ҚОР ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

### Құрметті салымшылар!

Өздеріңіз білетіндей, 2022 жыл Қазақстанмен қатар әлемнің көптеген елдерінің экономикасы үшін бетбұрыс жыл болды, алайда біздің қаржы секторымыз әлем нарықтарындағы және геосаяси кеңістіктегі орнықсыздыққа қарамастан, өзінің тұрақтылығы мен заманға бейімділігін дәлелдей алды.

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры үшін өткен жылдың маңызы зор болды деуге болады. Айтар болсақ, Қор үшін 2022 жылдың басты оқиғасы барлық таратылатын банктердің салымшыларына кепілді сомаларды төлеудің аяқталуы болып табылады. Бұл оқиғаны дәуірдің межесі деп атауға болады, өйткені жекелеген жағдайларда төлемдер соңғы 15 жыл ішінде жүзеге асырылып келді. Қор қызметкерлері ірі ауқымды жұмыстарды атқарып, соның арқасында лицензияларынан айырылған банктерде депозиттері бар 419 мыңға жуық салымшылар жалпы сомасы 114 млрд теңгеден асатын заңнамамен кепілдендірілген қаражаттарын ала алды.

Осы жұмыс шеңберінде есептік жылы депозиттерге кепілдік берудің ұлттық

жүйесінің тарихында Қор алғашқы рет салымшылармен талап етілмеген кепілдік сомаларын олардың жеке зейнетақы шоттарына аударуды жүзеге асырды. Бұл механизм тек Қазақстан үшін ғана емес, халықаралық тәжірибеде де теңдессіз жағдай болып табылады. Мысалы, шетелде, әдетте талап етілмеген сомалар муниципалдық бюджетке жолданады немесе әлеуметтік/қайырымдылық қажеттіліктерге жұмсалады. Қазақстанда -мұндай сомаларды депозиторлардың тарапынан қандай болмасын өтініш білдіру қажеттілігісіз оларға тікелей аудару мүмкіндігі үшін жағдай жасалған. Осылайша 2022 жылы 271 мыңға жуық салымшының зейнетақы шоттарына жалпы сомасы 830 млн теңгеден асатын кепілді өтем ерікті зейнетақы салымдары түріндегі БЖЗҚ-дағы шоттарына аударылды.

Жалпы алғанда аталған шаралар Қорға депозиторлар алдындағы кепілді өтем төлеу жөніндегі өз міндеттемелерін 99% орындауға мүмкіндік береді, бұл депозиттерге кепілдік берудің қазақстандық жүйесінің тиімділігін және Қордың қазақстандық банктер салымшыларының құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін бар күш-жігерін салуға мүдделі екендігін тағы да дәлелдейді.

Егер, жалпы Қазақстанның депозит нарығындағы ахуал туралы айтатын болсақ, 2022 жылдың бүкіл отандық қаржы жүйесінің орнықтылығы үшін оңай жыл болмағанын айта кеткен жөн. Былтыр басталған геосаяси оқиғалар, одан кейінгі сыртқы және ішкі күйзелістер банк секторына әсерін тигізбей қоймады. Алайда Үкімет пен реттеушілердің уақтылы қабылдаған тұрақтандыру шараларының арқасында бұл күйзелістер еңсеріліп, жағдай тұрақтандырылып қана қоймай, депозит нарығының даму динамикасы оңалтылып қалпына келтірілді.

Бұл процесте халық депозиттері бойынша Қордың мөлшерлемелерді реттеу шеңберіндегі жұмысының маңызы жоғары болды. Осылайша, жыл бойы Қор ақша нарығының жалпы тенденциясын және Ұлттық Банктің 2022 жылғы базалық мөлшерлемесінің өзгерістерін ескере отырып, шекті мөлшерлемелерді 19 рет қайта қарады. Депозит нарығының тұрақтылығы мен орнықтылығын сақтаудың қосымша факторы ретінде жинақ салымдары бойынша кепілдік, сондай-ақ кепілдіктің жиынтық сомасы –20 млн теңгеге дейін ұлғайтылды, бұл салымшылардың қаражат жинақтау моделіне оң әсер етті.

Мұндай шаралар оң нәтижесін берді, ал бірінші тоқсандағы аздаған келеңсіздіктерден кейін отандық депозит нарығы келесі үш тоқсанда негізгі көрсеткіштердің тұрақты өсімін көрсетті. Нәтижесінде

халық депозиттерінің көлемі 26,1% өсіп, 2022 жылдың соңына қарай 16,9 трлн теңгеге жетті. Сонымен бірге жеке тұлғалар шоттарының саны артты – 2022 жыл ішінде 21,7% көбейді, бұл қаржылық қызметтердің қазақстандықтардың өміріне қарқынды еніп жатқанын көрсетті. Халықтың банк секторына деген сенімін сақтаудың тағы бір индикаторы жыл соңында салымдардың долларлануы 33,9% рекордтық төмен деңгейде тіркелді.

Айта кететін жайт, 2022 жылдың ақпан айында іске қосылған, Қор оператор ретінде тікелей қатысқан халықтың теңгедегі салымдарын қорғаудың мемлекеттік бағдарламасы қаржы жүйесіне артылған қысымды едәуір азайтып, салымдардың сақталуын және соның нәтижесі ретінде екінші деңгейдегі банктерді қорландыру базасын қамтамасыз етті. Салым бойынша ең төменгі қалдыққа 10% түріндегі мемлекет өтемақысы 300 млрд теңгеден астам көлемде шамамен 2,6 млн салымшыға есептелді.

Отандық қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды бөлігі Қордың салымшыларды ақпараттандыру және халыққа тиімді коммуникация арналарын ұсыну жөніндегі жұмысы болып табылады. Біз, сапалы және уақтылы ақпараттың болуы Қордың ашықтығын көрсететінін, халықтың банк секторына деген сенімін қалыптастыратынын және, әрине, қаржылық сауаттылығының деңгейін арттыратынын түсінеміз.

Осы бағытты бетке алған Қор есептік жылда өз сайттарында, әлеуметтік желілерінде, сондай-ақ БАҚ беттерінде депозиттер бойынша шекті мөлшерлемелерін, кепілді өтем төлеу және талап етілмеген сомаларды БЖЗҚ-ға аудару мерзімдері мен тәртібін, салымдарды қорғау бағдарламасы шеңберінде жүргізілетін жұмысын, сондай-ақ қаржылық сауаттылық мәсе-

лелерін белсенді түрде жариялап отырды. Заманауи трендтерге сәйкес келу және пайдаланушыларды көбірек қамту мақсатында Қордың БАҚ пен әлеуметтік желілердегі белсенділігі айтарлықтай артқанын атап өту қажет. Мәселен, өткен жылды есептік жылмен салыстырғанда баспасөз шығарылым саны іс жүзінде 1,5 есеге өссе, әлеуметтік желілердегі жазбалар саны төрт есе ұлғайды. Сонымен қатар, Қор мамандарынан кері байланысты жедел алу үшін арналған әлеуметтік желілердегі және байланыс орталығындағы арналарымыз белсенді жұмысын жалғастырды. Осылайша, «Әрқашан байланыста болу» тіркесі жай ғана әдемі ұран емес, Қордың ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізуде ұстанатын негізгі қағидасы болып табылады.

Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру жүйесінің тиімділігін арттыру және үздік тәжірибелерді енгізу мақсатында Қор халықаралық ұйымдардың жұмысына белсенді қатысады. Қор үшін осы саладағы маңызды оқиғаның бірі, менің, депозиттерді сақтандыру саласының стандарттарын белгілейтін басты бірлестік болып табылатын, Халықаралық Депозиттерді сақтандырушылардың халықаралық қауымдастығы (IADI) Атқарушы кеңесінің мүшесі болып сайлануым. IADI-ң басқарушы органына Қордың тікелей қатысушысы болуы біз үшін абырой әкелуімен қатар, Қордың осы стандарт шығарушы ұйымның жұмысына тартылуына және

шетелдік депозиттерді сақтандырушылармен ынтымақтастыққа одан да тиімді қол жеткізуге ықпал ететіні сөзсіз.

Мен, сыртқы сын-тегеуріндерге қарамастан, қазақстандық банктердің салымшыларының игілігі үшін Қор өз жұмысын жалғастырып жатқанына шын жүректен қуаныштымын. Біз бір орында тұрмаймыз. Болашақта Қор жаңа асуларды алуға мүдделі және салымшылармен, сондай-ақ қатысушы банктермен ынтымақтастығының сапасы мен ыңғайлылығын арттыру мақсатында негізгі бизнес-процестерінің жетілдірілуіне және автоматтандырылуына басты назар аударуды. Біз, Қор қызметінің Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығына бұрынғысынша ықпал ететініне, оның ішінде әрдайым азаматтардың мүдделерін қорғайтынына сенімдіміз.

Құрметпен,  
**Әділ Өтембаев**  
«Қазақстанның депозиттерге  
кепілдік беру қоры»  
АҚ Төрағасы

# KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ  
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

# 1



**ҚОР ТУРАЛЫ**



## ҚОР ТУРАЛЫ

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры 1998 жылғы экономикалық дағдарыстан кейін елдің қаржы жүйесін тұрақтандыру мақсатында ҚР ҰБ Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы № 393 қаулысына сәйкес құрылды.

Қор акционерлік қоғам түрінде құрылған коммерциялық емес ұйым болып табылады. Қордың құрылтайшысы әрі жалғыз акционері ҚР ҰБ болып табылады.

## ҚОР МИССИЯСЫ

Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге және Қазақстан Республикасы екінші деңгейдегі банктерінің (бейрезидент-банк филиалдарының) депозиторларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға тиімді қатысу.

## ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

### Қор келесілерге ұмтылады:

- депозиттерді сақтандырудың тиімді жүйелеріне арналған IADI ірге қалаушы қағида-даттарына сәйкес келу;
- үздік әлемдік тәжірибеге қол жеткізгенге дейін өз миссиясын жүзеге асыру.

## ДКБЖ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

- банктердің (Қазақстан Республикасындағы бейрезидент банктердің филиалдарының) депозиттерді қабылдауға, жеке тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізуге міндетті түрде қатысуы;
- ДКБЖ ашықтығын қамтамасыз ету;
- ДКБЖ қызметіне байланысты тәуекелдерді төмендету;
- арнайы резервті қалыптастырудың жинақтаушы сипаты.





## СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР

**1** қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге қатысу;

**2** қатысушы банк барлық банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айырылған жағдайда депозиторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау. .


## ҚОР ФУНКЦИЯЛАРЫ

- Заң талаптарына сәйкес кепілді өтем төлеу;
- қатысушы банктердің тізілімін жүргізу;
- Заңның 16-бабында көзделген жағдайда банк активтері мен міндеттемелерін басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру операциясын жүргізуге қатысу;
- активтерді инвестициялау;
- арнайы резервті қалыптастыру;
- агент банктерге қойылатын талаптарды белгілеу және Қордың басқару органы айқындаған тәртіппен кепілді өтем төлеуді жүзеге асыру үшін агент банктердің бастапқы тізбесін бекіту;
- қатысушы банк консервациясының кезеңінде тағайындалатын банкті басқару жөніндегі уақытша әкімшіліктің құрамында болу;
- қатысушы банк барлық банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айырылған жағдайда тағайындалатын уақытша әкімшіліктің құрамында болу;
- тарату комиссиясы Қор алдындағы Қор төлеген (төлейтін) кепілді өтем сомасы бойынша берешекті өтеген кезге дейін мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің (қызметі мәжбүрлі түрде тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының) тарату комиссиясы мен кредиторлар комитетінің құрамында болу.

# KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ  
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

# 2



**ДКБЖ-ҒА ҚАТЫСУ**

## ДКБЖ-ҒА ҚАТЫСУШЫ БАНКТЕР

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ДКБЖ-ға ислам банктерін («Al-Hilal» Ислам Банкі» АҚ және «Заман-Банк» Ислам банкі» АҚ) қоспағанда, Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін 21 екінші деңгейдегі банктің 19-ы қатысады.

2022 жылы ДКБЖ-дан «Банк ЦентрКредит» АҚ-ға қосылу түрінде ерікті түрде қайта құрылуына байланысты «ECO Center Bank» АҚ («Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес банкі) шығарылған болатын.

### 1-кесте

31.12.2022 ж. жағдай бойынша қатысушы банктердің тізімі

№	Наименование
1	«ALTYN BANK» АҚ (CHINA CITIC BANK CORPORATION LIMITED ЕБ)
2	«BANK RBK» АҚ
3	«BEREKE BANK» АҚ
4	«FIRST HEARTLAND JUSAN BANK» АҚ
5	«FORTEBANK» АҚ
6	«HOME CREDIT BANK» АҚ
7	«KASPI BANK» АҚ
8	«БАНК ФРИДОМ ФИНАНС ҚАЗАҚСТАН» АҚ
9	«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ
10	«ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ
11	«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫТАЙ БАНКІ» АҚ ЕБ
12	«КЗИ БАНК» ЕБ» АҚ
13	«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ
14	«НҰРБАНК» АҚ
15	«ОТБАСЫ БАНК» АҚ
16	«СИТИБАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ
17	«АЛМАТЫ Қ. ҚЫТАЙДЫҢ САУДА-ӨНЕРКӘСІП БАНКІ» АҚ
18	«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ
19	«БАНК ВТБ» АҚ ЕҰ (ҚАЗАҚСТАН)

# KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ  
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

# 3



**2022 ЖЫЛҒЫ  
ДЕПОЗИТ НАРЫҒЫ**

## 2022 ЖЫЛҒЫ ДЕПОЗИТ НАРЫҒЫ

**Рузалия  
ГИЛЬМУДИНОВА**  
Әдіснама және талдау  
басқармасы бастығының  
орынбасары

«Халықтың депозиттері отандық банк секторын қорландырудың негізгі көздерінің бірі болып қала береді»

### ДЕПОЗИТ НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Өткен 2022 жылғы бұрын-соңды болмаған жаһандық келеңсіздіктер мен сын-қатерлер әлемдік қаржы нарықтары мен оларға қатысушылар үшін табандылыққа емтихан тапсырғанмен тең болды. Қолайсыз жағдайларға қарамастан депозиттік нарық сыртқы және ішкі жағдайлардың өзгерістеріне икемделе білудің және беріктіктің жеткілікті қорын көрсетті.

Мәселен, бірінші тоқсанда геосаяси тәуекелдерді іске асыру және еншілес ресейлік банктерге қатысты санкциялық шектеулерге реакция салдарынан аздап төмендегеніне қарамастан, келесі тоқсандардың статистикасы депозит нарығы тұрақты ілгерілеп жатқанын көрсетті. Нәтижесінде 2022 жылы халықтың депозиттері 26,1% немесе 3,5 трлн теңгеге өсіп, 2022 жылдың соңында 16,9 трлн теңгеге жетті. Бұл ретте банктердің депозиттік базасының негізгі ұлғаюын өсімі 2,4 трлн теңгені құрайтын теңгедегі депозиттер қамтамасыз етті.


Халықтың теңгедегі салымдарды қорғау бағдарламасы инфляциялық динамиканың жеделдеуінің салдарын жұмсартып, салымдар құнының сақталуына септігін

тигізді. Ал Қордың депозиттер бойынша шекті мөлшерлемелерін уақтылы қайта қарауы депозит нарығында теріс дисбаланстардың жинақталуына жол бермеуге бағытталды, бұл банктерге өзгерген нарық жағдайларына икемделуге мүмкіндік берді. Бұл шаралар мемлекеттің жауапты фискалдық саясатының басқа да құралдарымен қатар ұлттық валютаға деген сенімді сақтап, салымдардың долларлану деңгейін тарихи ең төменгі мәндерде (33,9%) долларландыру деңгейін қамтамасыз ете отырып, салымдарды шетел валютасына айырбастау жөніндегі жағымсыз жайттың алдын алды.

Бүгінгі таңда халық үшін депозиттер инвестициялаудың неғұрлым түсінікті және сенімді құралы болып қалуда, бұл банк секторына қорландырудың неғұрлым тұрақты және әртараптандырылған көздерінің бірі ретінде меншікті пассивтері құрылымындағы халық салымдарының позицияларын игеруді жалғастыруға мүмкіндік береді. Айталық, депозиттің қаржылық өнім ретінде қолжетімді және бұқаралық сипаты депозит базасының айнымас құрылымына дәлел бола алады, яғни депозиттердің жиынтық көлемінің 50%-ын 15 млн теңгеге дейінгі қалдықтары бар депозиттер құрайды.

## 1-график

Бөлшек депозиттердің тұрақты өсуі




## БӨЛШЕК ДЕПОЗИТТЕРДІҢ ЖАЛПЫ ДАМУ ДИНАМИКАСЫ

2022 жылдың аяғында ДКБЖ-ға қатысушы банктердегі жеке тұлғалар депозиттерінің жиынтық көлемі 16,9 трлн теңгені құрады. Бұл ретте абсолюттік мәндегі өсім 3,5 трлн теңгені немесе 26,1% құрады (2021 жылы 2,5 трлн теңге немесе 22,7%). Валютаны қайта бағалауды есепке алмағанда (2020 жылдың соңындағы белгіленген бағам бойынша) бөлшек депозиттердің өсуі 23,4% құрады (2021 жылы +21,7%) (1-график).


2022 жылы халықтың теңгедегі депозиттерінің өсімі 2,4 трлн теңгені немесе

27,4% құрады (2021 жылы 2,1 трлн теңге немесе 30,9%). Халықтың валюталық депозиттерінің көлемі теңге баламасында 2022 жылы 1,1 трлн теңгеге немесе 23,5% (2021 жылы +418,0 млрд теңге немесе 9,9%) өсті. Нәтижесінде 2023 жылдың басындағы теңгелік депозиттердің жиынтық көлемі 11,2 трлн теңгені, ал теңгелік баламадағы валюталық депозиттер 5,7 трлн теңгені құрады. Жалпы депозиттік базаның елеулі өсіміне бұрынғысынша ұлттық валютадағы салымдардың есебінен қол жеткізілуде. Табыстылық деңгейі жөнінен теңгелік салымдар халық үшін жинақтаудың ең қолайлы құралы болып қала береді (2-график).



## 2-график

Теңгелік депозиттер – бөлшек депозиттердің өсуінің негізгі драйвері



2022 жылдың қорытындысы бойынша жеке тұлғалар шоттарының саны 21,7% өсті (2021 жылы +20,8%). Негізгі өсім дәстүрлі түрде 1 млн теңгеге дейінгі ағымдық және жинақ шоттарының санының ұлғаюуы есебінен орын алды.


## ДЕПОЗИТ НАРЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2022 жылдың қорытындысы бойынша сегменттер бойынша депозиттер келесі құрылымда қалыптасты: бұқаралық сегмент (қалдықтары 15 млн теңгеге дейінгі депозиттерді қоса алғанда) – 51,5% (2021 жылы 54,8%), ортаңғы сегмент (қалдықтары 15-50 млн теңге аралығындағы депозиттерді қоса алғанда) – 14,6% (2021 жылы 13,5%), ірі сегмент (қалдықтары 50 млн теңгеден асатын депозиттер) – 33,9% (2021 жылы 31,6%) (3-график).

Бұл ретте абсолюттік мәндегі сегменттер

### 3-график

Бөлшек депозиттердегі бұқаралық сегменттің шоғырлануының азаюуы



арасындағы жылдық өсім деңгейі бойынша депозиттердің құрылымы келесідей: ірі сегмент – +1,5 трлн теңге, бұқаралық сегмент – +1,4 трлн теңге және ортаңғы сегмент – +655,8 млрд теңге. Аталған өсімге негізінен - теңгелік депозиттер есебінен қол жеткізілді (жылдық өсімнің жалпы сомасы +68,7%).

Валюталық депозиттер бойынша негізгі жылдық өсім ортаңғы (+13,4%) және ірі (+35,8%) сегменттерде байқалды. 2022 жылдың қорытындысы бойынша шетел валютасындағы (теңге мәніндегі) депозиттерді ұлғайту үшін негізгі салымды -ірі сегмент +91,2% (+997,7 млрд теңге) енгізді. Бұл жерде шоғырланудың жоғары деңгейі бұрынғысынша сақталуда. Әрі қарай – ортаңғы сегмент + 8,0% (+87,1 млрд теңге) және бұқаралық сегмент +0,8% (+8,6 млрд теңге).

Жалпы алғанда 2022 жыл бойы сегменттер бойынша депозиттердің құрылымы елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ.

2022 жылдың аяғындағы мерзімділік критерийлері бойынша депозиттер құрылымы келесідей болды: мерзімсіз депозиттер – 62,7% (2021 жылы 59,3%), карт/ағымдық шоттар – 17,0% (2021 жылы 17,6%), мемлекет субсидиялайтын депозиттер – 12,8% (2021 жылы 11,4%), жинақ депозиттер – 6,5% (2021 жылы 8,0%), мерзімді шарттары бар депозиттер – 0,8% (2021 жылы 3,4%), талап етілгенге дейінгі салымдар – 0,2% (2021 жылы 0,3%).

2022 жылдың басынан бері депозиттердің жалпы өсіміне (26,1%; +3,5 трлн теңге) жыл қорытындысы бойынша 68,8% қысқарған мерзімді депозиттерді және талап етілгенге дейінгі салымдарды (-17,4%) қоспағанда, әр депозиттік өнімдегі салым есебінен қол жеткізілді. Алайда жалпы депозиттер қоржынында талап


етілгенге дейінгі салымдар мен мерзімді депозиттер үлесіне -тек 1,1% ғана келетіндігін ескеретін болсақ, бұл өзгерістердің жалпы құрылымға айтарлықтай әсері болған жоқ.

Бұл ретте жалпы жылдық өсімде басымдыққа мерзімсіз депозиттер мен мемлекет субсидиялайтын депозиттер ие (2022 жылдың қорытындысы бойынша жалпы өсімдегі үлесі тиісінше 75,5% және 18,1% құрады).

Орын алған өзгерістердің нәтижесінде 2022 жылдың аяғында барлық депозиттердегі тұрақты қорландыру үлесі төмендеп, 8,4% құрады (2021 жылдың аяғында 12,8%). Тұрақты қорландыру үлесінің төмендеуі негізінен мерзімсіз депозиттердің озуы есебінен орын алды (4-график).

#### 4-график

Мерзімсіз депозиттер – бөлшек депозиттердің негізі



2022 жылы қалдықтары 21,9% (2021 жылы +41,3%) өскен карт/ағымдағы шоттар сегментінде өсімнің сақталғанын атап өткен жөн. Оның өсу шыңы 2022 жылдың IV тоқсанында байқалды. Бөлшек тең-

гелік депозиттік базадағы (субсидияланатын депозиттерді есепке алмағанда) осы арзан қорландырудың үлесі 19,5% құрады.

1 Сыйақыны мемлекет субсидиялайтын депозиттерді шегергендегі депозиттердің жиынтығындағы мерзімді және жинақ депозиттері.



## ДЕПОЗИТТЕРДІҢ ДОЛЛАРЛАНУЫ

2022 жыл бойы долларлану деңгейі біртіндеп төмендей берді. Нәтижесінде 2022 жылдың аяғында депозиттердің долларлануы

### 5-график


Депозиттердің долларлануының рекордтық төмен деңгейі



2022 жылы долларландырудың ең жоғары деңгейі ірі сегментте орнықты түрде сақталды. Долларландырудың ең төменгі деңгейі бұқаралық сегментте байқалды, бұл ретте 2022 жылы оның деңгейі

### 6-график

Бұқаралық және ортаңғы сегменттер есебінен долларланудың төмендеуі



33,9% құрады, 2021 жылғы көрсеткіш - 34,6% болатын. Бұл ретте бағамға сай түзетілген долларлану мәні<sup>2</sup> жыл қорытындысы бойынша тиісінше 1,6 тармаққа төмендеп, 2023 жылғы 1 қаңтарда 32,5% құрады (5-график).

13,9% дейін төмендеді. Жоғары деңгейдегі кірістілікпен сипатталатын теңгелік депозиттерге халықтың басым бөлігінің жоғары қызығушылығы әлі де сақталуда (6-график).

\* Долларландырудың «психологиялық деңгейі» туралы сараптамалық пікірді білдіреді, оның асып кетуі банктік қорландыру үшін белгілі бір тәуекелдерді туындатады.

<sup>2</sup> 2022 жылдың барлық кезеңдерінде валюталық қайта бағалаудың әсерін есепке алмай есептеудің негізгі бағамы ретінде 2021 жылдың соңында қалыптасқан бағам мәні қабылданады

## ТЕҢГЕДЕГІ ДЕПОЗИТТЕР БОЙЫНША ЕҢ ЖОҒАРЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР

2022 жыл бойы Ұлттық Банк проинфляциялық және геосаяси тәуекелдердің артуына қатысты реакция ретінде базалық мөлшерлемені бірнеше рет көтерді.

Базалық мөлшерлеме өскеннен кейін ҚДКБҚ депозит нарығындағы ағымдағы жағдай талдауын ескере отырып, өсіру үшін шекті (ең жоғарғы) мөлшерлемелерді қайта қарады.

Осылайша 2022 жылдың аяғында теңгедегі депозиттер бойынша шекті мөлшерлемелер ең жоғарғы мәніне жетті:

# 16,3%

мерзімсіз депозиттер бойынша;

# 14,8%


12 ай мерзімі бар мерзімді депозиттер бойынша;

# 16,9%

12 ай мерзімі бар жинақ депозиттері бойынша (7-график).

### 7-график

Ақша нарығындағы өзгерістерге сай депозиттер бойынша шекті мөлшерлемелердің құбылуы



## ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫНДАҒЫ ДЕПОЗИТТЕР БОЙЫНША ЕҢ ЖОҒАРЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР

2022 жылы валюталық депозиттер бойынша ұсынылған ең жоғары мөлшерлемелер өзгерген жоқ және шетелдік депозиттердің барлық түрлері бойынша 1,0% деңгейінде қалды.



# KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ  
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

# 4



**АРНАЙЫ  
РЕЗЕРВТІ  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

# АРНАЙЫ РЕЗЕРВТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бота  
АҚБАЕВА  
Төрағаның  
орынбасары

«ҚДКБҚ арнайы резерві халықтың депозиттерін тиімді қорғауды қамтамасыз етеді»

## АРНАЙЫ РЕЗЕРВТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қор Заңда қарастырылған өз міндеттемелерін орындау мақсатында жинақтаушы негізде арнайы резерв қалыптастырады.

Арнайы резерв кепілдік берілген өтемді төлеу, банк мүлкінің мөлшері мен оның басқа банкке (басқа банктерге) берілетін кепілдендірілген депозиттер бойынша міндеттемелерінің мөлшері арасындағы айырма олқылығын толтыру, агент банктердің кепілді өтемдерді төлеу, сондай-ақ Заңның 21-1-бабының 5-тармағына сәйкес талап етілмеген кепілдік өтем сомасының жетіспейтін бөлігін тол-

тыру жөніндегі рәсімдерді орындауға байланысты шығыстарын өтеу үшін пайдаланылуы мүмкін.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың арнайы резервінің нақты мөлшері 804,4 млрд теңгені немесе қатысушы банктердегі кепілдік берілген депозиттердің жиынтық сомасының 4,8%, ал Қордың 70% жарғылық капиталын ескергенде 969,4 млрд теңгені немесе қатысушы банктердегі кепілдік берілген депозиттердің жиынтық сомасының 5,7% құрайды.

### 2-кесте

Арнайы резерв құрылымы, млрд теңге

Арнайы резервті қалыптастыру көздері	Сомасы
Қатысушы-банктердің жарналары	399,8
Мәжбүрлеп таратылатын қатысушы-банктің кепілдік берілген өтем сомалары бойынша Қор талаптарын қанағаттандыру тәртібімен алынған ақша	60,1*
Қосылу шарты бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін қатысушы-банктерге қолданылатын тұрақсыздық айыбы	0,07
Қордың жарғылық капиталы мөлшерінің 70% шегіндегі шығыстары	55,6
Арнайы резервтің активтерін және Қордың Жарғысында көзделген тәртіппен шығыстар мен аударымдар сомасына азайтылған меншікті активтерді орналастырудан түсетін кірістер	390,1
Кепілді өтемді төлеу	-101,2
<b>Барлығы:</b>	<b>804,4</b>

\* Оның ішінде 2019 жылы таратылған “Наурыз Банк Қазақстан” АҚ тарату комиссиясынан талаптарды қанағаттандыру тәртібімен алынған түсімдер

Қордың арнайы резервінің көлемі – заңнамада белгіленген 5% шегінен жоғары (5,7%). Егер депозиттерді сақтандырудың шетелдік қорларындағы қаражат көлемін салыстыратын болсақ, ҚДКБҚ резервтерінің деңгейі айтарлықтай жоғары және әлемдік тәжірибеге сәйкес келеді. Мысалы, Канадада халықтың депозиттік базасындағы депозиттерге кепілдік беру жүйесінің резерв деңгейі 0,2, Жапонияда – 0,4, Түркияда – 2,8, Чехияда – 0,8, Польшада – 1,9, ал егер ТМД елдерімен салыстырсақ, Қырғызстанда – 3,0, Тәжікстанда – 4,1, Өзбекстанда - 4,73. Халықаралық стандарттарға сәйкес депозиторларды қорғау жүйесінің резервтері ең ірі банктердің депозиттік базасын немесе бүкіл қаржы жүйесін қамтымай, күтілетін шығындар деңгейіне сәйкес келуі керек.

Барлық банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айырылған банк салымшыларына кепілді өтем төлеуді жүзеге асыру үшін Қордың арнайы резервінің қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында резервтік қаржыландыру шараларын жүргізу, оның ішінде қатысушы банктердің қосымша жарналарын, жетіспейтін соманы ҚР ҰБ-дан қарызға алу көзделеді.

## ҚАТЫСУШЫ БАНКТЕРДІҢ ЖАРНАЛАРЫ

IADI ірге қалаушы қағидаттарына сәйкес кепілді өтемді болашақта төлеуге арналған резерв жинақтаушы сипатта негізінен депозиттерді сақтандыру жүйесіне қатысушылардың жарналары есебінен қалыптастырылады. Қазақстанда бұл қағидат сақталады – арнайы резервтің негізгі үлесін қатысушы банктердің жарналары құрайды – 49,7%, ал оларды инвестициялаудан түскен кірістерді ескергенде бұл көрсеткіш 98,2%-ға жетеді.

Қор 2007 жылдан бері қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік жарналарды олардың қаржылық жай-күйіне және олар жүргізетін саясаттың қисынсыздық дәрежесіне қарай төлеудің әділ жүйесін енгізу мақсатында жарналардың сараланған мөлшерлемелері жүйесін қолданып келеді. Сараланған жарналар жүйесі – бұл депозит сақтандырушыларға арналған «бэнчмарк» болып табылатын әлемдегі ең озық, ұмтылуға тұрарлық тәжірибе.

Соңғы бірнеше жыл ішінде қатысушы банктердің жарналарының сараланған мөлшерлемелерін айқындау және банктердің қызметін неғұрлым барабар бағалау әдіснамасын жетілдіру және дамыту мақсатында Қор қатысушы банктердің қаржылық жай-күйін бағалау моделін сапалы қайта қарау бойынша жұмыстар жүргізді. 2021 жылдың қыркүйегінде жүргізілген жұмыстың нәтижесінде -қатысушы банктердің қаржылық жағдайын бағалаудың жаңа моделі енгізілді, ол қажетті болжамдық күшке ие және Қорға банк секторындағы сақтандыру жағдайының басталуын дәлірек бағалауға мүмкіндік береді.


Қатысушы банктердің жаңа үлгідегі қаржылық жағдайын талдау тәсілдемелері түбегейлі қайта қаралды, сондай-ақ қатысушы банктердің тәуекел профилін бағалауға қойылатын талаптар айтарлықтай қатаңдатылды. Сайып келгенде, бүгінгі -таңда бағалаудың жаңа моделі банктерді тәуекел профилі бойынша саралаудың жеткілікті дәрежесіне, жарналар мөлшерлемелерінің объективті шкаласына және бағалау нәтижелерінің тұрақтылығына ие. Осылайша қатысушы банктердің қабылдайтын тәуекелдеріне қарай жарналар мөлшерлемелерін әділ есептеу қолданылатын болады.

Қатысушы банктерді қаржылық жай-күйін бағалаудың жаңа үлгісіне бейімдеу үшін

жаңа модель енгізілген сәттен бастап бір жыл қолдану мерзімімен өтпелі кезең белгіленді, оның барысында қатысушы банктер жіктеу топтары күрт өзгерген жағдайларда жарна мөлшерлемесі неғұрлым төмен аралық жіктеу топтарына ауыстырылды. Өтпелі кезеңнің қолданылу мерзімі ішінде 4 қатысушы банк жарна мөлшерлемесі төмендетілген аралық жіктеу тобына ауыстырылды.

### 8-график

Қатысушы банктерді жіктеу топтарына бөлу



Қатысушы банктердің күнтізбелік жарналарының жинақталған сомасы 2022 жылдың соңында 399,8 млрд теңгеге жетті, оның 32,3 млрд теңгесі – 2022 жыл ішінде түскен күнтізбелік жарналар. 2021 жылмен салыстырғанда қатысушы банктердің төлеген күнтізбелік жарналарының сомасы 4,6% немесе 1,4 млрд теңгеге ұлғайды. Бұл өсім, біріншіден, қатысушы банктердің депозиттік базасының ұлғаюымен байланысты, ал екіншіден, кейбір қатысушы банктердің қаржылық жағдайын бағалаудың жаңа моделі енгізілгендіктен жарна мөлшерлемесі жоғары жіктеу топтарына ауысуына байланысты.

## БАНКТЕРДІҢ ТАРАТУ КОМИССИЯЛАРЫНАН ТҮСЕТІН ТҮСІМДЕР

Таратылатын банктердің салымшыларына кепілді өтем төлеуге берілген ақшаны

2022 жылдың III тоқсанынан бастап қатысушы банктердің жарналарының мөлшерін есептеу толықтай жаңа модель бойынша жүзеге асырылады. Нәтижесінде 2022 жылдың қорытындысы бойынша қатысушы банктер жіктеу топтарына келесідей бөлінді: А тобының үлесі 26% (5 банк), В тобы – 26% (5 банк), С тобы – 32% (6 банк) және D тобы – 16% (3 банк) (8-график).

қайтаруды жеделдету мақсатында Қор қызметкерлері таратылатын банктердің кредиторлар комитеттерінің құрамына кіріп қана қоймай, сондай-ақ төленген (төленетін) кепілді өтем сомасы бойынша Қор алдындағы берешек толық өтелген сәтке дейін тарату комиссияларының құрамына кіріп, банктердің таратылуына қатысады.

Айталық, 2022 жыл ішінде Қор қызметкерлері «Capital Bank Kazakhstan» АҚ, «Tengri Bank» АҚ, «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банкі)» АҚ, «Астана Банкі» АҚ, «Валют-Транзит Банк» АҚ тарату комиссияларының құрамында болып, соңғы үш банкте – тарату комиссияларының төрағасы ретінде әрекет етті.

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша -тарату комиссиялары Қордың талаптарын 51% немесе шамамен 59,3 млрд теңгеге қанағаттандырды. Оның ішінде 2022 жылы таратылатын банктердің мін-

деттемелерін Қордың арнайы резервіне қайтарудан түскен түсімдер 10,2 млрд теңгені немесе 8,82% талаптарды құрады

(оның ішінде 2022 жылы екінші кезектегі талаптарды «Tengri Bank» АҚ және «Capital Bank Kazakhstan» АҚ толық өтеп аяқтады).

### 3-кесте

01.01.2023 ж. жағдай бойынша таратылатын банктердің тарату комиссияларының Қор талаптарын қанағаттандыруы туралы ақпарат.

(млн теңге)

Таратылатын банктің атауы	Кезек реті	Қордың таратылатын банкке қойылатын талаптарының барлығы	01.01.2023 ж. жағдай бойынша Қордың 2-ші, 3-ші және 8-ші кезектегі талаптарын қанағаттандыру		Оның ішінде 2022 жылы өтелгені
			теңге	%	
«Валют-Транзит Банк» АҚ	3-ші кезек бойынша	18 340,9	10 678,0	58,22%	160,0
	8-кезек бойынша	28,1			
«Qazaq Banki» АҚ	2-кезек бойынша	20 516,8	4 725,0	23,03%	1 025,0
	8-кезек бойынша	145,7			
«Астана Банкі» АҚ	2-кезек бойынша	37 591,1	22 666,0	60,30%	5 598,0
	8-кезек бойынша	323,5			
«Delta Bank» АҚ	3-ші кезек бойынша	201,2	201,2	100,00%	
	8-кезек бойынша	1,7			
«Эксимбанк Қазақстан» АҚ	2-кезек бойынша	258,3	258,3	100,00%	
	8-кезек бойынша	2,2			
«Қазинвестбанк» АҚ	3-ші кезек бойынша	2,1	2,0	100,00%	
	8-кезек бойынша	8,5	0,5	5,64%	
«Tengri Bank» АҚ	2-кезек бойынша	17 755,2	17 755,1	100,00%	450,0
	8-кезек бойынша	64,1			
«AsiaCredit Bank (АзияКредит Банкі)» АҚ	2-кезек бойынша	19 088,6	1 339,5	7,02%	1 339,5
	8-кезек бойынша	284,4			
«Capital Bank Kazakhstan» АҚ	2-кезек бойынша	1 685,2	1 685,2	100,00%	1 685,2
	8-кезек бойынша	7,0			
<b>Барлығы:</b>		<b>116 304,6</b>	<b>59 310,9</b>	<b>51%</b>	<b>804,4</b>

# KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ  
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

# 5



**ИНВЕСТИЦИЯЛАУ**



«ҚДКБҚ инвестицияларының  
басымдығы – активтердің сақталуы  
және өтімділігі»

## АКТИВТЕРДІ ИНВЕСТИЦИЯЛАУ

Қор активтерін инвестициялаудың негізгі мақсаты – олардың сақталуын қамтамасыз ету. Бұл ретте 2022 жылы өңірде сақталған инфляцияның жоғары көрсеткіші және айырбастау бағамдарының құбылуы Қордың бағалы қағаздар қоржынының сенімділігіне қосымша әсерін тигізбей қоймады.

Қордың активтерін сенімгерлік басқаруды - Қор Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 10 қарашадағы №33 шешімімен бекітілген Сенімгерлік басқару және Инвестициялық саясат туралы шартқа сәйкес ҚР ҰБ жүзеге асырады. Инвестициялық саясат жоспарланған табыстылыққа қол жеткізу, шығындар тәуекелін азайту және өтімділікті қамтамасыз ету мақсатында активтерді инвестициялық басқару шарттарын айқындайды. Активтер ҚР ҰБ Басқармасының 2021 жылғы 14 шілдедегі № 68 қаулысымен бекітілген депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның активтерін инвестициялау тәртібі бойынша инвестициялауға рұқсат етілген қаржы құралдарына орналастырылады.

Есептік жылы қаржы нарықтарындағы үрдістерді ескере отырып, Қордың

ағымдағы бағалы қағаздар портфелі сенімділік, кірістілік және өтімділікті тең ұстанады. Мәселен, Қордың 2022 жылғы 31 желтоқсандағы активтері рейтингісі «BB-/Ba3» деңгейінен төмен өтімділігі жоғары бағалы қағаздарға, оның ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигацияларына, ҚР ҰБ ноталары мен депозиттеріне, Еуропалық Қайта Құру және Даму банкінің, Еуразиялық даму банкінің, Азия даму банкінің, халықаралық қаржы ұйымдарының, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Бәйтерек «ҰБХ» АҚ, «Қазақстан темір жолы» ҰК «АҚ және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ облигацияларына орналастырылды.

## ПОРТФЕЛЬ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қордың активтер базасы бір жыл бойы өсіп отырды. ДКБЖ қатысушы банктерінің күнтізбелік жарналары 2022 жылы 32,3 млрд теңгені құрады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 4,6% (+1,4 млрд теңге) жоғары.

Қордың активтерін орналастыру 2022 жылы 113,0 млрд теңге мөлшерінде инвестициялық табыс әкелді, оның ішінде арнайы резерв активтерінен – 89,0 млрд теңге, меншікті активтер есебінен – 24,0 млрд теңге түсті, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 31,7% (+27,2 млрд теңге) жоғары.

#### 4-кесте

Қордың арнайы резервінің портфелі, млрд теңге

Атауы	2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша	Портфельдегі үлес, %
Еуропалық Қайта Құру және Даму банкінің, Еуразиялық даму банкінің, Азия даму банкінің, халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары	68,9	7%
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Бәйтерек «ҰБХ» АҚ, «ҚТЖ» ҰК АҚ, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ облигациялары	90,9	9%
ҚР ҰБ депозиттері	82,0	9%
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің облигациялары	710,1	75%
<b>Итого:</b>	<b>951,9</b>	<b>100%</b>

Қордың 2022 жылғы 31 желтоқсандағы инвестициялық портфельдерінің жиынтық мөлшері 1 212,5 млрд теңгені құрады, оның ішінде 260,6 млрд теңге – меншікті активтер бойынша және 951,9 млрд теңге

– арнайы резерв бойынша, өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 14,5% (+153,2 млрд теңге) өсімді көрсетті.

# KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ  
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

# 6




**КЕПІЛДІ  
ӨТЕМДІ ТӨЛЕУ**

## КЕПІЛДІ ӨТЕМДІ ТӨЛЕУ

«Кепілді өтемді төлеудің қолданыстағы тәртібі депозиторлардың құқықтары мен мүдделерін барынша қорғауға бағытталған»

**Алуа  
НҰРТӨЛЕУОВА**  
Автоматтандырылған  
есепке алу және  
төлемдерді талдау  
басқармасының  
бастығы



## БАРЛЫҚ ТАРАТЫЛАТЫН БАНКТЕР БОЙЫНША КЕПІЛДІ ӨТЕМ ТӨЛЕУДІ АЯҚТАУ

Қор қаржылық тұрақтылық жүйесінің тікелей қатысушысы бола отырып, қатысушы банк барлық банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айырылған кезде оның депозиторларына кепілді өтем төлеуді жүзеге асырады. Халықтың өз қаражатына жедел қол жеткізуі және оларды алу үшін тиімді шешімдерді ұсынып, халықтың депозиттерге кепілдік берудің ұлттық жүйесіне деген сенімін қамтамасыз етуге және банк секторының тұрақты дамуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Қор сақтандыру жағдайы басталғанға дейін қатысушы банктердің кепілдік берілген депозиттер туралы мәліметтерді дұрыс және жедел қалыптастыруына, сондай-ақ кепілді өтем төлеуді жүзеге асыру үшін агент банктердің бастапқы тізбесін бекітуге бағытталған іс-шараларды тұрақты негізде жүргізеді. Яғни, ағымдағы қызмет барысында Қор алдын-ала дайындалады және сақтандыру жағдайы басталған кезде кепілді өтем төлеуді қысқа мерзім ішінде жүргізуді

қамтамасыз етеді.

Төлеу басталғаннан кейін депозитор кепілді өтемді алу үшін тікелей Қордың өзіне де, агент банктердің бөлімшелеріне де жүгіне алады, төлемнің ең қолайлы тәсілін (қолма-қол ақша немесе банк аударымы) де өзі таңдайды. Заңнамада –депозиторлардың өтініші үшін жеткілікті төлем мерзімі ретінде төлем басталған күннен бастап бір жыл белгіленген, бұл мерзім аяқталғаннан кейін кепілді өтемнің талап етілмеген сомаларын Қор өздерінің жеке зейнетақы шоттарына аударады. Бұл ретте төлем мерзімі аяқталғаннан кейін де және талап етілмеген қаражатты БЖЗҚ-ға аудару аяқталғаннан кейін де Қор дәлелді себептермен өтем алуға өтініш беруге мүмкіндігі болмаған депозиторлардан өтініш қабылдауын жалғастырады. Осылайша кепілдік берілген өтемді төлеудің қолданыстағы тәртібі –депозиторлар алдындағы міндеттемелерді барынша орындауға және олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған.

Айта кететін жайт, Қор өзінің бүкіл қызметі барысында лицензияларынан айырылған қатысушы банктердің депозиторлары алдындағы міндеттемелерінің орындалуын үздіксіз қамтамасыз етеді. Бұл ретте 2022 жыл ерекше маңызды жыл болды, өйткені

есептік жылы Қор қызметінде алғаш рет -мәжбүрлеп тарату процесіндегі барлық қазақстандық<sup>4</sup> банктердің, оның ішінде төлемдерді көптеген жылдарға созып келе жатқан банктердің депозиторларына кепілді өтемақы төлеуді аяқтады.

Мәселен, «Валют-Транзит Банк» АҚ депозиторларына төлем беру 2007 жылы

### 5-кесте

Кепілді өтемді төлеу мерзімдері

Мәжбүрлі таратылатын банктің атауы	Барлық банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айырылған күні	Кепілді өтемді төлеудің басталған күні <sup>5</sup>	Кепілді өтемді төлеудің аяқталған күні
«Валют-Транзит Банк» АҚ	2006 жылғы 26 желтоқсан	2007 жылғы 26 наурыз	2022 жылғы 1 мамыр
«Қазинвестбанк» АҚ	2016 жылғы 27 желтоқсан	2018 жылғы 13 ақпан	2022 жылғы 1 мамыр
«Delta Bank» АҚ	2017 жылғы 3 қараша	2018 жылғы 17 мамыр	2022 жылғы 1 мамыр
«Qazaq Banki» АҚ	2018 жылғы 28 тамыз	2018 жылғы 24 желтоқсан	2022 жылғы 1 мамыр
«Эксимбанк Қазақстан» АҚ	2018 жылғы 28 тамыз	2019 жылғы 4 ақпан	2022 жылғы 1 мамыр
«Астана Банкі» АҚ	2018 жылғы 19 қыркүйек	2019 жылғы 26 қаңтар	2022 жылғы 1 мамыр
«Tengri Bank» АҚ	2020 жылғы 18 қыркүйек	2020 жылғы 30 қыркүйек	2022 жылғы 1 мамыр
«AsiaCredit Bank» (АзияКредит Банк) АҚ	2021 жылғы 12 ақпан	2021 жылғы 24 ақпан	2022 жылғы 1 мамыр
«Capital Bank Kazakhstan» АҚ	2021 жылғы 25 маусым	2021 жылғы 3 шілде	2022 жылғы 3 шілде

Осылайша төлемдер мерзімі аяқталған күні - Қор төлемдер бойынша міндеттемелердің 98,3% орындалуын қамтамасыз ете отырып, аталған тоғыз таратылған

басталып, 15 жылдан астам уақыт жүргізіліп, «Қазинвестбанк» АҚ, «Delta Bank», «Qazaq Banki» АҚ, «Эксимбанк Қазақстан» АҚ және «Астана Банкі» АҚ депозиторларына өтем төлеу 2018-2019 жылдарға дейін созылды.

банктің 148 мың депозиторына жалпы сомасы 113,5 млрд теңгеге кепілді өтем төлеуді жүзеге асырды.

<sup>4</sup> 5-кестеде көрсетілген тоғыз банкке қосымша Қор «Көмір-Банк» ААҚ және «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ депозиторларына кепілді өтем төлеуді жүзеге асырды, оларды мәжбүрлеп тарату тиісінше 2009 және 2020 жылдары аяқталды.

<sup>5</sup> Заңға сәйкес 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін Қор банкті мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап 14 жұмыс күні ішінде кепілдік берілген өтемді төлеудің басталатын күнін хабарлады. 2020 жылғы 1 қаңтардан кейін ақпараттандыру банк лицензиясынан айырылған күннен бастап 30 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады және кепілді өтем төлеу басталған күн хабарландыру жарияланған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспауы тиіс.

## 6-кесте

Төлем мерзімі аяқталған күнгі кепілді өтем төлемі

Қатысушы банк	Қор міндеттемелері		2022 жылы төленгені		Барлығы төленгені		Төлем үлесі
	Депозиторлардың жалпы саны	Міндеттемелер сомасы, млн теңге	Өтініш берген депозиторлар саны	Төленгені, млн теңге	Өтініш берген депозиторлар саны	Төленгені, млн теңге	
«Валют-Транзит Банк» АҚ	267 285	18 340,9	2	0,9	63 234	17 913,0	97,7%
«Қазинвестбанк» АҚ	293	2,1	0	0	12	2,0	97,1%
«Delta Bank» АҚ	2 668	201,2	0	0	329	107,3	53,3%
«Qazaq Banki» АҚ	18 001	20 516,8	13	2,1	6 011	20 367,3	99,3%
«Эксимбанк Қазақстан» АҚ	299	258,3	0	0	120	256,9	99,4%
«Астана Банкі» АҚ	268 457	37 587,1	58	1,0	63 840	37 204,9	99,0%
«Tengri Bank» АҚ	36 583	17 755,2	306	38,3	7 779	17 537,8	98,8%
«AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ	23 153	19 088,6	355	325,1	5 692	18 559,1	97,2%
«Capital Bank Kazakhstan» АҚ	47 353	1 685,2	53	18,7	989	1 553,8	92,2%
<b>Барлығы:</b>	<b>664 092</b>	<b>115 435,4</b>	<b>787</b>	<b>386,1</b>	<b>148 006</b>	<b>113 502,2</b>	<b>98,3%</b>

## ТАЛАП ЕТІЛМЕГЕН СОМАЛАРДЫ БЖЗҚ-ҒА АУДАРУ

Тәжірибе көрсеткендей, депозиторлардың негізгі бөлігі кепілді өтем алу үшін төлем басталған алғашқы айларда жүгінеді. Мысалы, 2019-2021 жылдары туындаған сақтандыру жағдайлары бойынша алғашқы үш айда Қор жалпы міндеттемелерін 85%-99% көлемінде төледі. Одан кейінгі айларда халықты ақпараттандыру жұмысы жүргізілгеніне қарамастан, өтініштер саны азайды, Қордың орын-

далмағандар міндеттемелері негізінен шоттағы қалдық мардымсыз мөлшерді құрайтын немесе салымшылардың өтем алуға жүгіне алмау себептері бойынша жекелеген жағдайларда қалды.

Дегенмен Қордың кепілді өтемді бір жыл бойы төлеуге және талап етілмеген сомаларды салымшылардың БЖЗҚ-дағы зейнетақы шоттарына аударуға бағытталған тәжірибесі Қорға депозиторлар алдындағы міндеттемелерді қысқа мерзімде және тіпті салымшылардың тарапынан қандай да өтініш болмағанның өзінде толық көлемде орындауға мүмкіндік береді.



2021 жылдан бастап енгізілген бұл механизм кепілді өтемді төлеу процесін оңтайландырудағы үлкен қадам болды. Сонымен қатар Қазақстанның бұл тәжірибесі халықаралық тәжірибеде бірегей сипатқа ие. Мысалы, Канада, АҚШ сияқты елдерде талап етілмеген сомалар белгілі белгіленген мерзім өткеннен кейін орталық банкке немесе басқа мемлекеттік органға сақтауға аударылады. Бірқатар елдерде, мысалы, Ирландияда, Ұлыбританияда, Жапонияда талап етілмеген шоттарды басқаратын арнайы қорлар құрылып, қаражат әлеуметтік қажеттіліктер мен қайырымдылық бағдарламаларына жұмсалады.

Қазақстанда мұндай сомалар тікелей депозиторлардың өздеріне жіберіледі және кейін олар бұл қаражатты зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамада көзделген тәртіппен және мерзімдерде алады. Бұл ретте кепілді өтемнің талап етілмеген сомалары БЖЗҚ-ға еркін зейнетақы жарналары түрінде аударылады және салықтан босатылады. Сонымен қатар аударылған сомаларға инвестициялық кіріс есептеледі.

Заңға сәйкес талап етілмеген сомаларды БЖЗҚ-ға аудару келесі шарттарда жүзеге асырылатынын атап өткен жөн:

- депозиттер тізілімінде қамтылған депозиторлардың дербес деректерінің БЖЗҚ деректер қорындағы жеке тұлғаның дербес деректеріне сәйкестігі;
- депозитордың жеке басын куәландыратын жарамды құжаттың болуы;
- депозитордың БЖЗҚ-да міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және (немесе) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтары бар жеке зейнетақы шотының болуы.

Осылайша 2022 жылы мәжбүрлеп таратылған тоғыз банк депозиторларына (есептік жылдың 1 мамыры мен 3 шілдесі) төлем мерзімі аяқталғаннан кейін Қор өзінің кепілдік өтемін алуға ешқашан жүгінбеген жеке тұлғалардың деректерін БЖЗҚ деректерімен салыстыруды жүзеге асырды. Салыстырып тексеру нәтижелері бойынша Қор барлық мәжбүрлеп таратылатын банктердің шамамен 830,5 млн теңгеден астам 271 мың депозитін зейнетақы шоттарына аударды.

## 7-кесте

Талап етілмеген кепілдік өтем сомаларын БЖЗҚ-ға аудару

Қатысушы банк	БЖЗҚ-ға аударылғаны		БЖЗҚ-ға аударылған талап етілмеген сомаларды ескергенде барлығы төленгені	
	Депозиторлардың саны	Аударылғаны, млн теңге	Төленгені, млн теңге	Төлем үлесі
«Валют-Транзит Банк» АҚ	59	11,4	17 924,4	97,7%
«Қазинвестбанк» АҚ	53	0,1	2,1	99,8%
«Delta Bank» АҚ	1 209	21,6	129,0	64,1%
«Qazaq Banki» АҚ	10 526	112,8	20 480,1	99,8%
«Эксимбанк Қазақстан» АҚ	141	1,1	258,0	99,9%
«Астана Банкі» АҚ	180 512	303,2	37 508,2	99,8%
«Tengri Bank» АҚ	22 706	95,3	17 633,1	99,3%
«AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ	14 509	196,7	18 755,8	98,3%
«Capital Bank Kazakhstan» АҚ	41 134	88,4	1 642,2	97,4%
<b>Барлығы:</b>	<b>270 849</b>	<b>830,5</b>	<b>114 332,7</b>	<b>99,0%</b>



Қордың талап етілмеген сомаларды БЖЗҚ-ға аудару бойынша жүргізген іс-шараларының нәтижесінде кепілді өтем төлеу бойынша депозиторлар алдындағы міндеттемелер 99% орындалды.

## ӨТІНІШТЕРДІ ДӘЛЕЛДІ СЕБЕПТЕРМЕН ҚАБЫЛДАУ

Кепілді өтем төлеу мерзімі аяқталғаннан кейін де, талап етілмеген қаражаты БЖЗҚ-ға аудару аяқталғаннан кейін де Қор дәлелді себептермен өтем алуға өтініш беруге мүмкіндігі болмаған депозиторлардан өтініш қабылдауын жалғастырады. Бұл ретте егер талап етілмеген кепілдік өтемақының сомасын Қор БЖЗҚ-ға аударған болса да, депозитор немесе оның өкілі төлем мерзімі өткеннен кейін төлем алу үшін жүгінуге құқылы.



Айта кететін жайт, –дәлелді деп саналатын себептердің тізімі Заңда белгіленген және келесі жағдайларды қамтиды:

- депозитордың әскери қызметке кіруі;
- депозитордың Қазақстан Республикасынан тыс жерде болуы;
- депозитордың мұрасын қабылдау және мұраны алуға немесе ашуға байланысты өзге де себептер;
- депозитордың бас бостандығынан айыру орындарында болуы;
- сот белгілейтін басқа жағдайлар.

Сонымен қатар жоғарыда айтылғандай, кепілді өтем алу туралы өтініштердің басым бөлігі төлем басталған күннен кейінгі алғашқы айларда және өтемді төлеу және талап етілмеген сомаларды БЖЗҚ-ға аудару мерзімі аяқталған кезде Қор өз міндеттемелерін 99% орындап болады. Осыған байланысты төлеу мерзімі аяқталғаннан өтініштерді беру біржолғы сипатта болады. Мәселен, 2022 жылдың соңында Қор дәлелді себептермен жалпы сомасы 516 мың теңгеге төлем жасады.

# KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ  
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

# 7



**ТЕҢГЕДЕГІ САЛЫМДАРДЫ ҚОРҒАУ  
БАҒДАРЛАМАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ  
ӨТЕМАҚЫ БЕРУ**

## ТЕҢГЕДЕГІ САЛЫМДАРДЫ ҚОРҒАУ БАҒДАРЛАМАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ ӨТЕМАҚЫ БЕРУ

Гаухар  
БЕКТҰРСЫНОВА

Өтемақы төлеу жөніндегі  
бағдарламаны іске асыру  
бөлімінің бастығы

«Теңгедегі салымдарды қорғау бағдарламасын іске асыру халықтың ұлттық валютаға деген сенімін арттыруға ықпал етті»

### ҚОРДЫҢ БАҒДАРЛАМА ШЕҢБЕРІНДЕГІ ФУНКЦИЯЛАРЫ

Қаржы нарықтарының тұрақсыздығы жағдайында 2022 жылдың басында ҚР ҰБ Үкіметпен бірлесіп теңгедегі салымдарды қорғау бағдарламасын іске асыратыны туралы мәлімдеді. Бағдарлама қазақстандықтардың теңгедегі депозиттері бойынша өтемақыларды 2022 жылғы 24 ақпаннан бастап 2023 жылғы 23 ақпанға дейінгі кезеңдегі депозиттегі ең аз соманың 10% мөлшерінде есептеуді көздейді. Бағдарламаға 2022 жылдың 24 ақпанына дейін ашылған депозиттер қатысты.

Жеке тұлғалардың ұлттық валютада орналастырылған депозиттері бойынша өтемақы беру бағдарламасын іске асыру аясында Қордың екінші деңгейдегі банктер, «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ («ПКҚ» АҚ) және «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ («ҚОҚ» АҚ) арасындағы өтемақы төленетін депозиттер тізілімін, өтемақы сомаларын есепке

алу туралы есептерді және депозиторға берілетін өтемақы сомасын есептеуге қатысты өзге де мәліметтер мен құжаттарды алу жөніндегі функциясы «ПКҚ» АҚ, «ҚОҚ» АҚ және ДКБЖ қатысушы банктерінің арасындағы өзара іс-қимыл туралы келісімнің (Өзара іс-қимыл туралы келісім) шарттарына сәйкес анықталған.

Сондай-ақ Өзара іс-қимыл туралы келісімде анықталған тәртіппен қатысушы банктердің өтемақы (сыйақы) сомаларын есептеу деректерінің Үкіметтің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 614 қаулысымен бекітілген Жеке тұлғалардың депозиттері бойынша өтемақы (сыйлықақы) төлеу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) (сыйлықақы) талаптарына сәйкестігі іріктелі түрде тексерілді (мониторинг жүргізілді).



## БАҒДАРЛАМАНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

- Қағидаларды әзірлеу барысында екінші деңгейдегі банктер, ҚР ҰБ және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі арасындағы өзара іс-қимыл функциясын жүзеге асыру.
- Қордың бастамасы бойынша екінші деңгейдегі банктердің өтелетін депозиттерінің аралық тізілімдеріне мониторинг жүргізу.
- Екінші деңгейдегі банктерден басқа да ақпарат жинау.
- Екінші деңгейдегі банктер дайындаған өтелетін депозиттер тізілімдерін жи-

нау, тізілімдерді тексеру, екінші деңгейдегі банктер тізілімдерінің деректерінен құралған өтемақының жиынтық сомасын «ПКҚ» АҚ-ға жолдау.

- Өтемақы бағдарламасының шеңберінде Қордың депозиторлардан қабылдаған өтініштері мен шағымдарына жауап дайындау және ұсыну.
- Қатысушы банктердің өтемақы (сыйлықақы) сомалары есептемесінің Қағидалардың талаптарына сәйкестігіне Өзара іс-қимыл туралы келісімде айқындалған тәртіппен іріктемелі тексеруді (мониторинг) жүзеге асыру.

## СТАТИСТИКА ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАНЫҢ АРАЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІ

2023 жылғы 23 ақпандағы өтелетін депозиттер тізілімдерінің негізінде «ПКҚ» АҚ және «ҚОҚ» АҚ екінші деңгейдегі банктерге 306 651 873 753,58 теңге сомасында 2 615 772 депозитке өтемақы есептеу үшін қаражат аударды.

**2 615 772**

депозитор

**306 651 873 753,58**

теңге

## 8-кесте

### ЕДБ бойынша статистика

ЕДБ атауы	Депозиторлар саны	2023 жылғы 23 ақпандағы операциялық күн соңындағы ұлттық валютадағы өтемақы сомасы (теңге) (млн теңге)
«Қазақстандағы Қытай банкі» АҚ ЕБ	1	0,24
«КЗИ БАНК» ЕБ» АҚ	16	5
«Шинхан Банк Қазақста» АҚ	62	11
«Банк ВТБ» АҚ ЕҰ (Қазақстан)	767	342
«Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ	2 336	821
«Altyn Bank» АҚ	2 202	961
«Нұрбанк» АҚ	8 478	3 003
«BANK RBK» АҚ	8 874	3 630
«BEREKE BANK» АҚ	13 232	4 154
«ForteBank» АҚ	27 457	6 183
«Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ	51 449	8 038
«First Heartland Jusan Bank» АҚ	36 628	9 057
«Еуразиялық банк» АҚ	28 792	10 469
«Банк ЦентрКредит» АҚ	32 662	12 205
«Қазақстан Халық банкі» АҚ	310 252	66 229
«Kaspi Bank» АҚ	1 237 906	66 397
«Отбасы банк» АҚ	854 658	115 147
<b>Итого:</b>	<b>2 615 772</b>	<b>306 652</b>

# KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ  
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

# 8



**БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕРДІ ЦИФРЛАНДЫРУ  
ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК**

# БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕРДІ ЦИФРАНДЫРУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Толғанай  
ЧАЛГУМБАЕВА  
Цифрландыру  
бөлімінің бастығы

«Қордың бизнес-процестерін автоматтандыру депозиторлармен және депозиттерге кепілдік беру жүйесінің өзге де қатысушыларымен ынтымақтасу сапасы мен жеделдігін арттыру үшін қажетті қадам болып табылады»

## ҚОРДЫҢ БИЗНЕС- ПРОЦЕСТЕРІН ЦИФРАНДЫРУ

Қордың бизнес-процестеріне заманауи технологияларды енгізу Қордың қатысушы банктермен, мемлекеттік ұйымдармен және бөгде контрагенттермен өзара іс-қимылын жақсартуға, сондай-ақ Қор жұмысының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

2022 жылы Қор бизнес-процестерді цифрландыру шеңберінде:

- қатысушы банктердің ұлттық валютада (теңгеде) орналастырылған жеке тұлғалардың депозиттері бойынша өтемақы (сыйлықақы) төлеу шеңберінде берілетін жеке тұлғалардың өтелетін депозиттерінің жалпы сомасы туралы мәліметтерін өз бетінше тексеруге арналған модульді әзірледі;

- қатысушы банктің Қосылу шартының талаптарын орындауға сәйкестігін белгілеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу, оның ішінде қатысушы банктің кепілдік берілген депозиттер бойынша міндеттемелерін және кепілді өтем сомаларын автоматтандырылған есепке алу жөніндегі іс-шараларды жүргізу мақсаттарына арналған ақпараттық жүйе жаңартылды және барлық қатысушы банктерде қайта орнатылды;

- сыртқы контрагенттермен және мемлекеттік органдармен жедел және қорғалған түрде электрондық құжаттар алмасуды қамтамасыз ету мақсатында электрондық құжат айналымының жаңа технологиялық жүйесі енгізілді.

## АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

ISO/IEC 27001-2015 «Ақпараттық технологиялар. Қорғау әдістері. Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйелері. Талаптар» халықаралық стандартына және Ақпараттық коммуникациялық технологиялар саласындағы бірыңғай талаптарға сәйкестендіру және заңнамада белгіленген ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Қорда ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі (АҚБЖ) жұмыс істейді.

АҚБЖ іске асыру үшін Қорда құжатталған ережелердің, рәсімдердің, практикалық тәсілдердің төрт деңгейлі жүйесі құрылып, келесі міндеттері жүзеге асырылуда:

- деректердің құпиялылығын, тұтастығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- тәуекелдерді азайту және Қордың ақпараттық активтерін қорғау үшін қажетті іс-шаралардың оңтайлы жиынтығын анықтау;
- ақпараттық қауіпсіздікке төнетін ықтимал қатерлерді анықтау және алдын алу;
- Қор қызметкерлерінің ақпараттық қауіпсіздік саласындағы хабардарлығын арттыру.

Сондай-ақ Қор ҚР ҰБ-мен бірлесіп, ақпараттық қауіпсіздіктің жетіктігін арттыру үшін 2022-2023 жылдарға арналған Жол картасы жобасын әзірледі. Осы жоба шеңберінде ақпараттық қауіпсіздіктің келесі құралдары енгізілді:

- корпоративтік ресурстарды желілік шабуылдардан кешенді қорғауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ трафикті терең инспекциялауға және таратылатын контентте зиянды бағдарламалық жасақта-

маның бар-жоғын талдауға арналған FortiGate 61f жаңа буынының екі желіаралық экраны (NGFW);

- көптеген көздерден жүйеге келіп түсетін қауіпсіздік оқиғаларын жинау, өңдеу және талдауға, шабуылдарды нақты уақыт режимінде анықтауға, өлшемшарттар мен қауіпсіздік саясаттарының бұзылуын анықтауға арналған оқиғаларды тіркеу журналдарына (Siem) мониторинг жүргізу жүйесі;
- зиянды хат-хабарламалармен бірге жіберілетін және алынатын электрондық хаттарды бақылауға және қорғауға арналған электрондық поштаны бақылау шлюзі (Email Gateway) fortimail;
- құпия ақпараттың жария болуына жол бермейтін мамандандырылған (DLP) Trellix бағдарламалық жасақтамасы – құпия ақпараттың ақпараттық жүйе сыртына шығуына жол бермеу технологиялары, сондай-ақ ақпараттың жария болуының алдын алуға арналған техникалық құрылғылар (бағдарламалық немесе бағдарламалық-аппараттық);
- ішкі және сыртқы осалдықты сканерлеу жүйесі, бөгде деректердің енуін тексеру (Vulnerability Scanner) Nessus – бұл жүйе әртүрлі жүйелерді, қосымшалар мен - желілерді сіздің деректеріңіз бен жүйелеріңізді бұзу үшін зиянкестер пайдалана алатын осалдықтардың бар-жоғын тексеруге, ашық порттарды тексеруге, осалдықтарды бағалауға және оларды жою тәсілін ұсынуға мүмкіндік береді. Ағымдағы сәтте тоқсан сайын оның сыртын және ішкі периметрін сканерлеу жүргізіледі және анықталған осалдықтарды жою бойынша жұмыстар жүргізіледі.



# KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ  
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

# 9

**АҚПАРАТ  
БЕРУ-ТҮСІНДІРУ  
ҚЫЗМЕТІ**



# АҚПАРАТ БЕРУ-ТҮСІНДІРУ ҚЫЗМЕТІ

«Біз халықты, банктерді және БАҚ құралдарын депозиттерге кепілдік беру жүйесі туралы хабардар етуді жалғастыруға ниеттіміз»



**Амина  
СМАКОВА**  
Қоғамдық байланыстар  
және халықаралық  
қызмет бөлімінің бас  
маманы

## ХАЛЫҚҚА АҚПАРАТ ЖЕТКІЗУ

Қор жұмысының маңызды аспектілерінің бірі ақпарат беру-түсіндіру қызметі болып табылады. Салымшылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін, сондай-ақ қаржы секторының тұрақтылығын қолдау мақсатында еліміздің тұрғындарына депозиттерді кепілдендіру жүйесінің жұмысы туралы дұрыс, уақтылы және өзекті ақпарат беруіміз қажет. Бұл жерде тиімді қарым-қатынас арналарының болуы маңызды рөл атқарады. Халықтың барлық топтарын кеңінен қамту үшін Қор өзінің сайтында, электрондық және баспасөз құралдарында, сондай-ақ Қордың әлеуметтік желілердегі парақшаларында жазба жариялауды белсенді жалғастыруда. Сонымен қатар Қордың байланыс орталығының 1460 қысқа тегін нөмірі халыққа ыңғайлы және қолжетімді кері байланыс ұсыну арнасы болып табылады.

Есептік жылы ақпараттандырудың негізгі тақырыптары тоғыз мәжбүрлеп таратылатын банктің депозиторларына кепілді өтем төлеу мерзімін аяқтау және соңынан талап етілмеген сомаларды БЖЗҚ-ға аудару болды. Ақпараттандыру заңнама талаптарына, сондай-ақ Қордың қатысушы банктердің депозиторларын ақпараттандыру тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады, онда төлемдердің әрбір кезеңінде халықты хабардар ету қарастырылған оның ішінде:

- кепілді өтемді төлеу кезеңінде–төлемдерді жүзеге асыру барысы, кепілді өтемді алу тәсілдері туралы және төлем мерзімі аяқталғанға дейін кепілдік берілген өтемді алу үшін банк депозиторларының өтініш беру қажеттілігі туралы;
- төлем мерзімі аяқталардан алты ай және 30 күн бұрын – төлем мерзімінің аяқталу күні, депозиторлар талап етпеген сомалардың шарттары мен БЖЗҚ-ға аударылатыны туралы;
- төлем мерзімі аяқталғаннан кейін – талап етілмеген сомалардың БЖЗҚ-ға аударылатыны туралы, төлем мерзімі өткеннен кейін дәлелді себеппен кепілді өтемді алу үшін депозиторлардың өтініш беру мерзімдері мен тәртібі туралы.

Сонымен қатар теңгедегі салымдарды қорғау бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік өтемақы төлеу бойынша белсенді ақпараттық науқан жүргізілді. Қор халықты бағдарламаның іске асырылу барысы туралы үнемі хабардар етіп отырды, өтемақы алуға өтініш беру қажеттігі туралы ақпарат берді, сондай-ақ корпоративтік аккаунттардағы салымшылардың сұрақтарына жауап бере отырып, белсенді түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Сонымен қатар Қор қызметкерлері тұрақты түрде негізгі бөлімдердің өзек-

тілігіне баса назар аудара отырып, өзінің интернет-порталының интерфейсін жаңарту жұмысын жүргізді, «Сұрақтар - жауаптар» айдары арқылы тақырыптық материалдар бере отырып, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға атсалысты.

## **БАҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР**

2022 жылы Қор баспасөз шолуларын орналастырып, онда Қордың қызметі мен депозиттерге кепілдік беру төңірегіндегі негізгі тақырыптарды қамтыды, сондай-ақ жедел жеткізуді талап ететін талдамалық материалдар мен ахуалдық-ақпараттық, мысалы, депозиттер бойынша шекті мөлшерлемелердің өзгергені туралы хабарлама жарияланды. Қор 2022 жылы барлығы 65 баспасөз хабарламасын шығарды, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 76% артық (2021 жылы 37 баспасөз шолуы жарияланған болатын)

Ақпарат кеңістігіндегі рөлінің маңыздылығын түсіне отырып, Қор бұқаралық ақпарат құралдарының сұрауларына жедел жауап береді. 2022 жылы Қор спикерлері телевизиялық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне 15-тен астам рет ауызша ақпарат беріп, тікелей эфирдің және арнайы телебағдарламалардың түсіріліміне қатысты.

Қордың әлеуметтік желілердегі белсенділігіне айтарлықтай көңіл бөлінеді. Қор аккаунттарында Қор қызметіндегі жаңалықтар, оқиғалар, депозиттерге кепілдік беру жүйесіндегі инновациялар, сондай-ақ салымшылардың түсінуіне ыңғайлы түрде ұсынылған пайдалы ақпаратты уақтылы беруге арналған қаржылық сауаттылық мәселелері жөніндегі тұрақты жазбалар орналастырылады. 2022 жылы Қордың әлеуметтік желілеріндегі (Instagram, Telegram, Facebook) парақшаларында қазақ және

орыс тілдерінде 200 мақала орналастырылды – бұл 2021 жылмен салыстырғанда төрт есе көп (2021 жылы 42 мақала жарияланған болатын).

Әлеуметтік желілер сонымен қатар халықтан кері байланыс алудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Пайдаланушылардың сұрақтары мен пікірлеріне жауапты тек баспасөз қызметінің қызметкерлері ғана емес, сонымен қатар Қор басшылығы да беріп отырады.

## **ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ**

Есептік жылы Қор халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған жұмысын жалғастырды. 2022 жыл ішінде Қордың әлеуметтік желілердегі аккаунттарында осы бағыт бойынша 52 мақала орналастырылды: депозит түрлері, кепілдік мөлшері, мөлшерлемелерді қалыптастыру әдістемесі және жинақ туралы шешім қабылдау кезінде халық үшін маңызды басқа да тақырыптар туралы.

Сонымен қатар Қор өкілдері ауыл-аймақтар арасында түсіндіру жұмыстарына арналған офлайн-жобаға қатысты. Атап айтқанда, 2022 жылғы сәуірде «Депозит қаржы құралы ретінде: оны қалай таңдаған дұрыс және депозиттерге кепілдік беру жүйесі туралы не білу қажет» тақырыбында оқыту дәрісі өткізілді. Тыңдаушылар қатарында Алматы қ. педагогтары, тәрбиешілер, сондай-ақ балалар үйлерінің тәрбиеленушілері болды.

2022 жылы Қор депозиттерге кепілдік беру жүйесі туралы ақпараты бар парақшалар түріндегі полиграфиялық өнімдер шығарып, оларды тегін тарату жұмысын жалғастырды. Процестерді цифрландыру шеңберінде үндеухаттарда Қордың сайтына кіріп, қажетті ақпаратты жартылай алуға болатын QR-код орналастырылды. Үндеухаттарды Қор кеңселері мен екінші деңгейдегі банктердің бөлімшелерінен алып оқуға болады.

# KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ  
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

# 10



**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҚЫЗМЕТ**



## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Есептік жылы Қор депозиттердің шетелдік сақтандырушыларымен халықаралық ынтымақтастық саласындағы, сондай-ақ IADI қызметі шеңберіндегі жұмысын жалғастырды.

2022 жылдың қазан айында Буэнос-Айресте (Аргентина) Қор төрағасы IADI Жалпы жылдық жиналысына және жыл сайынғы конференциясына (Storm Clouds on the Horizon: fostering resilient safety-nets for uncertain times), техникалық комитеттердің отырыстарына, сондай-ақ IADI Еуразия және Азия-Тынық мұхиты өңірлік комитеттерінің отырыстарына қатысты.

IADI жалпы жылдық жиналысы аясында Қор төрағасы үш жылдық мерзімге IADI Атқарушы кеңесінің мүшесі болып сайланды. IADI Атқарушы кеңесі 25 мүшеден тұрады және оның үздіксіз жұмысын қамтамасыз ететін IADI басқарушы органы болып табылады.

Интеграциялық процестер шеңберінде Қор Еуразиялық экономикалық комиссияның қаржы нарықтары жөніндегі консультативтік комитеті жанындағы ЕЭО аумағындағы банк салымдарын (депозиттерін) сақтандыру (кепілдік беру), кредиттік ұйымдарды оңалту және тарату саласындағы заңнаманы үйлестіру мәселелері жөніндегі сараптамалық топтың отырыстарына тұрақты негізде қатысып тұрады.

Есептік жылы Қор Сараптамалық топтың 12 отырысына қатысты. Сараптама тобының мүшелері құқықтық қорғау, салымшылардың өтініш беру мерзімі, арнайы резервтің нысаналы мөлшері мәселелерін қоса алғанда, әртүрлі сұрақтар бойынша жеті сараптамалық қорытындыға келісім берді.


2022 жылы тәжірибе алмасу және озық тәжірибелерді оқып-үйрену мақсатында Қор депозиттерге кепілдік беру жүйесінің әртүрлі жұмыс аспектілері бойынша 10 оқыту вебинарына қатысты.

Халықаралық тәжірибені зерделеу мақсатында Қор арнайы резервке салық салу, активтерді басқару, болашақ төлемдерге арналған депозиттер сақтандырушылары резервінің (қорының) деңгейі, депозиттердің түрлері және олардың мөлшерлемелерін реттеу мәселелері бойынша шетелдік әріптестерімен үнемі байланыста. Сонымен қатар Қор депозиттерге кепілдік берудің тиімді жүйелеріне арналған IADI ірге қалаушы қағидаттарын өзгерістер енгізу қажеттілігі, депозиттерді кепілдікпен сақтандыру деңгейі және Халықаралық қаржылық есептілік стандартын (IFRS 17) қолдану туралы халықаралық сауалнамаларға қатысты.

# KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ  
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

# 11



**ДКБЖ ДАМУДЫҢ  
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ  
БАҒЫТТАРЫ**

# ДКБЖ ДАМУДЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

**Маржан  
ИМАНГАЛИЕВА**  
Төрағаның  
орынбасары

«ҚДКБҚ үздік халықаралық тәжірибелерді енгізу арқылы депозиттерге кепілдік беру жүйесін одан әрі жетілдіруді және нығайтуды мақсат тұтады»

## ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІ БОЙЫНША ШЕКТІ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРДІ РЕТТЕУ РЕФОРМАСЫ

Сыйақының шекті (ең жоғарғы) мөлшерлемелері Қор 2008 жылдан бері ДКБЖ-ға қатысушы банктер үшін белгілейтін жеке тұлғалардың депозиттері бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемелерінің жоғарғы мәнін білдіреді. 2018 жылы Қор теңгедегі депозиттер бойынша шекті мөлшерлемелерді белгілеудің сараланған тәсілдемесіне көшті және мөлшерлемелер депозит түрі мен мерзіміне қарай ай сайын белгілене бастады.

Депозит нарығындағы мөлшерлемелерді реттеудің күрделі механизмі қолданылған жылдары шекті мөлшерлемелерді белгілеу кезінде бірқатар проблемалар мен теңгерімсіздіктер байқалды. Толыққанды бәсекелес нарықтың болмауы, депозит нарығының белгілі бір сегменттерінде жекелеген банктердің шоғырлануы және депозит құнын реттеу құралдарының икемсіздігі салдарынан қолданыстағы механизм ішкі және сыртқы қатерлерге

қарсы тұруға қабілетсіз болып, халықтың депозиттері бойынша мөлшерлеме белгілеу кезінде директивті сипатта араласуды талап ете бастады. Мысалы, 2022 жылы геосаяси оқиғалар мен ішкі инфляция процестерінің аясында Қор шекті мөлшерлемелерді 19 рет қайта қарады.

Осыған байланысты 2022 жылы Қор депозиттер нарығындағы сыйақы мөлшерлемелерін реттеу механизмдерін реформалауға кірісті. Реформаның мақсаттары депозиттік өнімдердің қолданыстағы жіктемесін оңтайландыру, өктем депозит саясатын жүргізбейтін банктерге көбірек еркіндік беру, сондай-ақ банктердің депозиттер бойынша нарықтық мөлшерлемелерден асып кеткені үшін төлемінің неғұрлым әділ тетігін белгілеу болып табылады. Мөлшерлемелерді реттеудің жаңа механизмін енгізу арқасында қатысушы банктер арасындағы бәсекелестікті арттыру, депозиттерді тарту кезінде бағадан тыс жағдайларды жақсарту арқылы салымшылар үшін күресу және депозит нарығында орынды баға белгілеу жатады.

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЦИФРЛЫҚ ДАМУЫ ЖАҒДАЙЫНДА ҚОР ҚЫЗМЕТІН ОДАН ӘРІ АВТОМАТТАНДЫРУ

Әлемдік цифрландыру идеясы жаһандық халықаралық тренд болып табылады. Мемлекеттік және жеке сектор қызметіндегі ақпараттық технологиялардың рөлі жыл санап өсуде. Қазақстан цифрлық кеңістігінің көз ілеспес жылдамдықпен дамып, қағаз жеткізгіштегі құжаттардың цифрлық форматқа көшіріліп жатқанын назарға ала отырып, банктер онлайн-қызметтерді белсенді игеруде және халықтың басым бөлігі банк операцияларын банк бөлімшелеріне бармай жүргізу үшін мобильді қосымшаларды пайдалануда, Қор да бұл үрдістен шет қалмай, өзінің дамуының маңызды факторы ретінде негізгі бизнес-процестерді жетілдіріп, автоматтандыруға ден қойды.

Кепілді өтемді төлеу процесінің шеңберінде технологияларды дамыту және қажетті заңнамалық өзгерістер – салымшыларға кепілдік берілген қаражаты қайтару тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, оларға қызмет көрсету уақытын оңтайландыру мен қысқартуды қамтамасыз етеді. Мәселен, Қор депозиторлардан өтем алуға келіп түскен өтініштерді қабылдау арналарын кеңейте отырып, осы процесті автоматтандыруға бағытталған іс-шараларды, мысалы, мобильді қосымшаларды пайдалануды, сондай-ақ қағаз құжат айналымын барынша азайтуға мүмкіндік беретін цифрлық құжаттар сервисімен өзара іс-қимыл жасауды жоспарлап отыр.

Қордың арнайы резервін қалыптастыру, атап айтқанда қатысушы банктердің қаржылық бағасының негізінде қатысушы банктердің жарналарының мөлшерлемесін есептеу қажеттілігі неде дейтін болсақ, 2008 жылдан бері қолданылып келе жатқан мөлшерлемелерді есептеудің ақпараттық жүйесі ағымдық бизнес-процестерді қамту тұрғысынан да, моральдық тозуы және заманауи ақпараттық технологияларға сәйкес келмеуі тұрғысынан да ескірді.

Осылайша, келешекте Қордың алдында заманауи технологияларды қолдана отырып, жаңа талдамалық-ақпараттық жүйені әзірлеу міндеті тұр, бұл өзіндік деректер базасының негізінде қаржылық ақпараттың кең спектрін талдауға мүмкіндік береді. Жүйенің асқан икемділігі мен ұтқырлығына қол жеткізу мәселелерін пысықтау ерекше назар аударуды талап етеді, бұл соңынан талап етілетін өзгерістердің сипатына қарамастан жұмыс істеу қағидаттарын жедел дербес реттеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ ақпараттық технологияларды дамыту және озық халықаралық стандарттарға сай болуға ұмтылу арқылы Қор 2022 жылдың соңында ЕЭО аумағында банк салымдарын сақтандыру саласындағы заңнаманы үйлестіру мәселелері бойынша жұмыс шеңберінде құрылған цифрландыру, автоматтандыру және ақпараттық технологиялар саласындағы өзара іс-қимыл жөніндегі жұмыс тобының қатысушысы болғанын атап өткен жөн. Осылайша Қор тәжірибе алмасу және өзінің бизнес-процестерін автоматтандыру үшін үздік халықаралық тәжірибені қолдануда жаңа мүмкіндіктерге ие болады.



## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРҒА СӘЙКЕСТІК ДӘРЕЖЕСІН АРТТЫРУ

2022 жылдың соңында Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) Дүниежүзілік банкпен (ДБ) бірлесіп, Қазақстанда қаржы секторын бағалау жөніндегі бағдарламаны (Financial Sector Assessment Program) іске асыра бастады, оның шеңберінде Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру жүйесінің IADI ірге қалаушы қағидастарына сәйкестігін бағалау да жүзеге асырылады.

2023 жылы осы миссиясын аяқтау нәтижелері бойынша Қор –халықаралық сарапшылардан алынған ұсынымдарды іске асырып, сайып келгенде, депозиттерге кепілдік беру саласындағы ірге қалаушы қағидастарға сәйкестік дәрежесін арттыруға бағытталған шараларды қабылдайтын болады.

Айталық, депозиттерді кепілдендірудің ұлттық жүйесін одан әрі жетілдіру сала-

сында сақтандыру жағдайы басталған кезде кепілді өтемақы төлеу мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім болып қала береді (банк лицензиядан айырылған күннен бастап 35 жұмыс күнінен кешіктірмей төлеу), ал ең озық тәжірибе депозиторлардың көпшілігіне жеті күн ішінде кепілдік берілген өтемақы төлеу болып табылады.

Қор ҚР ҰБ және Агенттікпен бірге өтемақы төлеудің заңнамада белгіленген мерзімін кезеңдермен қысқарту бойынша, соңынан FSAP нәтижелері бойынша ұсынымдарды ескере отырып, ықтимал нұсқаларды талқылау жұмысын бастады.

Сонымен бірге халықаралық сарапшылардың ұсынымдарын ескере отырып, коммуникация дәрежесін одан әрі арттыруға және Қордың өзі де қатысушысы болып табылатын қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету жүйесіне қатысушылар арасындағы бірлескен іс-қимылдарды үйлестіруге бағытталған шаралардың қабылдануы күтіледі.

# KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ  
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

# 12



**КОРПОРАТИВТІК  
БАСҚАРУ**

«Басқарудың корпоративтік қағидаттарын сақтау – сараланған басқару шешімдерін қабылдаудың және Қор қызметі ашықтығының кепілі»

## ҚОРДЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ

Қордың жалғыз акционері (бұдан әрі – Акционер) Қордың жоғарғы органының функцияларын жүзеге асыратын ҚР ҰБ болып табылады.

ҚР ҰБ Төрағасының бұйрығына сәйкес акционердің құзыретіне жатқызылған барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығы ҚР ҰБ Төрағасының орынбасары Б.Ш. Шолпанқұловқа берілген.

2022 жылы Акционер - өзінің айрықша құзыретіне жататын ең маңызды мәселелер бойынша үш шешім қабылдады, атап айтқанда:

- Қордың Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау және өкілеттік мерзімін белгілеу;
- Қордың 2021 жылғы таза кірісін бөлудің жылдық қаржылық есебін және тәртібін бекіту;
- Қордың 2022 жылғы АҚ қаржылық есептілігінің міндетті аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау.

## ҚОР ДИРЕКТОРЛАРЫНЫҢ КЕҢЕСІ

Қордың Директорлар кеңесі Қор жарғысына сәйкес Акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді айқындау үшін Қордың қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Қор Директорлар кеңесі 2022 жылы келесі құрамда кезекті екі жылдық мерзімге қайта сайланды:

### ҚОР ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ:

#### **А.М.Баймағамбетов**

ҚР ҰБ Төрағасының - орынбасары, Акционердің өкілі.

### ҚОР ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ:

#### **Б.Ш.Тәжияқов**

тәуелсіз директор;

#### **Ф.С.Карагусов**

тәуелсіз директор;

#### **В.А.Тутушкин**

ҚР ҰБ Төрағасының орынбасары – ҚР ҰБ Алматы қаласындағы Тұрақты өкілдігінің басшысы, Акционердің өкілі;

#### **О.М.Көбенбаев**

ҚР ҰБ Қаржылық тұрақтылық және зерттеулер департаментінің директоры, Акционердің өкілі;

#### **Ә.Н.Өтембаев**

Қор Төрағасы.

Басқару органы ретіндегі өз өкілеттіктерін іске асыру мақсатында 2022 жылы Қор Директорлар кеңесі Қордың айрықша құзыретіне кіретін мәселелер бойынша 40 отырыс өткізіп, шешімдер қабылдады, оның ішінде:

- Қор Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау;
- Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын бекіту;
- Қор құрылымына тәуекел-менеджер лауазымын енгізуді бекіту;
- Қорды дамытуға арналған 2021 жылғы жоспардың (бұдан әрі – Жоспар) орындалуы туралы есепті бекіту, 2022 жылға арналған жоспарға түзетулер енгізу, сондай-ақ 2023 жылғы бюджет көрсеткіштерімен 2022-2026 жылдарға арналған Жоспарды бекіту;
- Қордың ақпараттық қауіпсіздік саласындағы құжаттарын, атап айтқанда Қордың ақпараттық қауіпсіздік саясатын бекіту;
- Қорда тауарлар, жұмыстар, қызметтер сатып алуға мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту;
- Есепке алу саясатының, сондай-ақ Қордың салықтық есеп саясатының жаңа редакцияларын бекіту;
- қатысушы банктің Қосылу шартының, ДКБЖ талаптарын орындауға сәйкестігін белгілеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу, қағидаларына, оның ішінде қатысушы банктің кепілдік берілген депозиттер бойынша міндеттемелерін және кепілді өтем сомаларын автоматтандырылған есебі бойынша енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- Қордың ішкі аудиторының аудиторлық тексеру есептерін, сондай-ақ аудиторлық тексерулердің қорытындылары бойынша іс-шаралар жоспарларының орындалуы туралы есептерді қарау;

- Қордың 2023 жылға арналған аудиторлық тексеру жүргізу жөніндегі жылдық жоспарын бекіту;
- Қордың комплаенс-бақылаушысының 2022 жылға арналған комплаенс-бағдарламасын қалыптастыру жөніндегі жұмыс жоспарын бекіту;
- Қор Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын орындау жөніндегі есебін тоқсан сайын қарау және Қор Директорлар Кеңесінің келесі кезеңге арналған жұмыс жоспарын бекіту;
- Қордың комплаенс-бақылаушысының 2022 жылға арналған комплаенс-бағдарламасын қалыптастыру жөніндегі жұмыс жоспарының орындалуы туралы есепті тоқсан сайын қарау;
- жеке тұлғалардың ұлттық валютадағы жаңадан тартылатын депозиттері бойынша ең жоғарғы сыйақы мөлшерлемелерін бекіту (қажет болған жағдайда).

## ҚОР ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

2022 жылы Қор Директорлар –кеңесінің комитеттері Қор Директорлар кеңесіне жәрдемдесу мақсатында төмендегі отырыстар аясында ең өзекті мәселелерді қарау және Қор Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар дайындау жұмысын жүргізді:

Стратегиялық комитет –

**16** отырыс;

Сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет –

**8** отырыс;

Аудит жөніндегі комитет –

**8** отырыс;

## КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕҢЕС

Консультативтік кеңес – бұл депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қызмет ету мәселелері бойынша қатысушы банктердің мүдделерін білдіретін алқалы консультативтік-кеңесші орган.

Консультативтік кеңестің негізгі міндеті Қатысушы банктердің пікірлері мен ұстанымдарын ескере отырып, ҚорДиректорлар кеңесіне ұсыныстар беру арқылы депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесін жетілдіруге жәрдемдесу болып табылады.

Есептік жылы Консультативтік кеңестің алты отырысы өткізілді, оларда келесідей негізгі мәселелер талқыланды:

- Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды төлеу мөлшері мен тәртібін айқындау қағидаларына енгізілетін өзгерістерді мақұлдау;
- Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды төлеу мөлшері мен тәртібін айқындау қағидаларында қарастырылған Е-3 және L-3 сандық индикаторларын есептеу әдіснамасын қарастыру;
- Агент банктердің бастапқы тізбесін бекіту және агент банктерге қойылатын талаптарды белгілеу, сондай-ақ кепілді өтем төлеуді жүзеге асыру үшін агент банкті (агент банктерді) таңдау қағидаларына енгізілетін өзгерістерді мақұлдау;
- Агент банктердің бастапқы тізбесін бекіту және агент банктерге қойылатын талаптарды белгілеу, сондай-ақ кепілді өтем

төлеуді жүзеге асыру үшін агент банкті (агент банктерді) таңдау қағидаларын мақұлдау;

- қатысушы банктің Қосылу шартының, ДКБЖ талаптарын орындауға сәйкестігін белгілеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу, қағидаларына, оның ішінде қатысушы банктің кепілдік берілген депозиттер бойынша міндеттемелерін және кепілді өтем сомаларын автоматтандырылған есебі бойынша енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды мақұлдау.

## КОМПЛАЕНС-БАҚЫЛАУ

Корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелеріне сәйкес, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және -мүдделер қақтығысына жол бермеу мақсатында Қорда комплаенс-бақылау функциясы енгізілді және іске асырылуда.

Комплаенс-бақылаушы Қордың корпоративтік басқару жүйесінің бөлігі болып табылады және Қордағы комплаенс-тәуекелді басқару процестерін үйлестіруді қамтамасыз етеді.

Комплаенс-тәуекелді басқару жүйесі Қордың Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қордың ішкі құжаттарының сақталуын; Қор қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ мүдделер қақтығысын басқаруды және Қорда ішкі бақылаудың тиімді жүйесін қалыптастыруды қамтиды.

# KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ  
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

# 13



ҚАРЖЫЛЫҚ  
ЕСЕПТІЛІК

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

**Эльмира  
АМИРБЕКОВА**  
Қаржы  
бөлімінің  
бастығы,  
бас бухгалтер

«Қордың қаржылық есептілігінің  
транспаренттілігі – қазақстандық  
депозиттерге міндетті кепілдік беру  
жүйесінің негізгі қағидаттарының бірі»

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Қазақстандық мың теңгемен	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
<b>АКТИВТЕР</b>		
Ақша қаражаттары мен ақша қаражаттарының баламалары	104,727,079	170,645,464
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар	1,107,836,448	888,682,589
Дебиторлық берешек	3,690,987	4,022,528
Өзге активтер	440,375	416,821
Материалдық емес активтер	19,921	13,344
Негізгі құралдар	48,738	51,231
<b>АКТИВТЕР ЖИЫНЫ:</b>	<b>1,216,763,548</b>	<b>1,063,831,977</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>		
Бағалау міндеттемелері	57,934,385	61,130,493
Кепілдік берілген өтемді төлеу бойынша салымшылар алдындағы міндеттемелер	—	2,319,379
Өзге міндеттемелер	491,771	447,164
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ:</b>	<b>58,426,156</b>	<b>63,897,036</b>
<b>МЕНШІКТІ КАПИТАЛ</b>		
Акционерлік капитал	235,794,400	235,794,400
Бөлінбеген пайда	115,828,743	76,459,383
Эмиссиялық табыс	647	647
Арнайы резерв	804,355,658	685,322,567
Өзге резервтер	2,357,944	2,357,944
<b>МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ:</b>	<b>1,158,337,392</b>	<b>999,934,941</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ</b>	<b>1,216,763,548</b>	<b>1,063,831,977</b>

## ПАЙДА МЕН ШЫҒЫН ЖӘНЕ ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕПТЕМЕ

Қазақстандық мың теңгемен	2022 ж.	2021 ж.
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен есептелген пайыздық табыс	113,320,081	85,786,454
Қатысушы банктердің жарналарынан табыс және мәжбүрлеп таратылатын банктердің тарату комиссиясынан түсімдер	42,573,427	55,210,836
Салымшылар алдындағы міндеттемелерді есептен шығарудан түскен кіріс	1,103,221	9,133
Мәжбүрлеп таратылған банктердің депозиторларына өтемдер бойынша шығын	(509)	(6,464,372)
Амортизацияланған құн бойынша бағаланған қаржылық активтерді тануды тоқтатудан шығындарды шегеруден кейінгі табыс	(322,930)	—
Шетел валютасымен жасалатын операциялардан таза пайда (таза залал)	(30)	2
Кредиттік шығындарды бағалау резервтері	(146,433)	(105,363)
Бағалау міндеттемелері бойынша резерв	3,196,108	(22,406,405)
Өзге операциялық табыс	82,625	79,721
Әкімшілік және өзге операциялық шығындар	(1,413,203)	(1,188,573)
<b>САЛЫҚ САЛЫНҒАНҒА ДЕЙІНГІ ПАЙДА</b> Табыс салығы бойынша өтеу/ (шығын)	<b>158,392,357</b> 10,094	<b>110,921,433</b> (33,854)
<b>БІР ЖЫЛҒА ПАЙДА</b>	<b>158,402,451</b>	<b>110,887,579</b>
<b>Бір жылға өзге жиынтық кіріс/(шығын)</b>	<b>—</b>	<b>—</b>
<b>БІР ЖЫЛҒА ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖИЫНЫ</b>	<b>158,402,451</b>	<b>110,887,579</b>



## МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕПТЕМЕ

Қазақстандық мың теңгемен	Акционерлік капитал	Эмиссиялық табыс	Резервтік капитал	Арнайы резерв	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2021 ж. 1 қаңтарға қалдық	235,794,400	133	2,357,944	598,376,004	52,518,368	889,046,849
Бір жылға пайда	—	—	—	—	110,887,579	110,887,579
Өзге жиынтық кіріс	—	—	—	—	—	—
<b>2021 ж. жиынтық кіріс жиыны</b>	<b>235,794,400</b>	<b>133</b>	<b>2,357,944</b>	<b>598,376,004</b>	<b>110,887,579</b>	<b>110,887,579</b>
Арнайы резервті қалыптастыру және қайта үлестіру	—	514	—	86,946,563	(86,946,563)	514
2021 ж. 31 желтоқсанға қалдық	235,794,400	647	2,357,944	685,322,567	76,459,383	999,934,941
Бір жылға пайда	—	—	—	—	158,402,451	158,402,451
Өзге жиынтық кіріс	—	—	—	—	—	—
<b>2022 ж. жиынтық кіріс жиыны</b>	<b>—</b>	<b>—</b>	<b>—</b>	<b>—</b>	<b>158,402,451</b>	<b>158,402,451</b>
Арнайы резервті қалыптастыру және қайта үлестіру	—	—	—	119,033,091	(119,033,091)	—
<b>2022 ж. 31 желтоқсанға қалдық</b>	<b>235,794,400</b>	<b>647</b>	<b>2,357,944</b>	<b>804,355,658</b>	<b>115,828,743</b>	<b>1,158,337,392</b>

# АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕПТЕМЕ

Қазақстандық мың теңгемен	2022 г.	2021 г.
<b>ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚША АҒЫНДАРЫ</b>		
Міндетті күнтізбелік жарналар түсімі	31,478,651	30,795,351
Тарату комиссиясынан түсім	10,257,682	24,245,281
Орналастырылған салымдар бойынша сыйақылар түсімі	10,451,798	10,896,107
Амортизацияланатын құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар бойынша алынған сыйақы	84,880,733	65,518,169
Салымшыларға кепілдік берілген өтемді төлеу үшін агент банктерге аударым	(206,447)	(20,360,492)
«Кері РЕПО» операциялары бойынша алынған сыйақы	26,119	—
Салымшылар талап етпеген соманы агент банктен қайтару	949,518	—
БЖЗҚ-дан қайтару	480	—
Салымшыларға кепілдік берілген өтем төлемдері	(835,252)	2,211
Өзге алынған операциялық табыс	13,026	15,206
Қызметкерлерді ұстауға кеткен шығындар	(639,686)	(574,730)
Төленген әкімшілік және өзге операциялық шығындар	(725,629)	(558,503)
<b>Операциялық қызметтен алынған таза ақша қаражаттары</b>	<b>135,650,993</b>	<b>109,978,600</b>
<b>ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚША АҒЫНДАРЫ</b>		
Амортизацияланған құн бойынша көрініс табатын борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар сатып алу	(412,611,818)	(188,568,634)
Амортизацияланған құн бойынша көрініс табатын борыштық бағалы қағаздарды жабу және сатудан түсім	211,067,000	183,080,491
Негізгі құралдарды сатып алу	(12,541)	(12,063)
Материалдық емес активтерді сатып алу	(12,019)	(1,334)
<b>Инвестициялық қызметтен алынған таза ақша қаражаттары</b>	<b>(201,569,378)</b>	<b>(5,501,540)</b>
<b>Ақша қаражаттары және ақша қаражаттары баламаларына айырбас бағамы өзгерістерінің әсері</b>	<b>—</b>	<b>2</b>
<b>Ақша қаражаттарының және ақша қаражаттары баламаларының таза өсімі / (төмендеуі)</b>	<b>(65,918,385)</b>	<b>104,477,062</b>
Жыл басына ақша қаражаттары және ақша қаражаттарының баламалары	170,645,464	66,168,402
<b>Жыл соңындағы ақша қаражаттары және ақша қаражаттары баламалары</b>	<b>104,727,079</b>	<b>170,645,464</b>

A photograph of two business professionals in a meeting. One person is holding a tablet, and the other is gesturing towards it. A laptop and various documents are on the table. The image has a blue tint.

**KDIF**

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ  
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД  
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ